

ЖОБА-ЖОСПАР



2-3-бет

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУ КЕШЕУІЛДЕМЕУІ КЕРЕК

ҚР Үкіметімен бекітілген Қазақстан Республикасы Су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес облысымызда жалпы саны 148 іс-шара жоспарланған.

АУЫЛ-АЙМАҚ



4-6-бет

СҮЛУКӨЛДІ ТЕРБЕГЕН АГРОФЕСТИВАЛЬ

Шілденің 31-і мен тамыздың 1-і күндері Бәйтерек ауданының Сұлукөл ауылында V «Жер ырысы - 2026» агрофестивалі өтті. Дала төріндегі дүбірлі тойдың ашылуына облыс әкімі Нариман Төреғалиев, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Назгүл Хатеева қатысты.

ҰЛЫ ТҰЛҒА



10-11-бет

10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

ХАТ-ХАБАР



15-бет

ЗАҢСЫЗ ҚАРЖЫ СХЕМАСЫ

Экономикалық тергеп-тексеру департаменті «Imrat Group» қаржы пирамидасының заңсыз қызметіне тосқауыл қойды.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz

oral_oniri@inbox.ru

www.facebook.com/zhaikpress

twitter.com/zhaikpress

www.instagram.com/zhaikpress



ORAL ÓNİRİ

№63 (21560)

Сейсенбі,

4 тамыз 2026 жыл

Жаңғырып- жайнаған ВОКЗАЛ

Күрделі жөндеуден өткен Орал теміржол вокзалы Теміржол көлігі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында пайдалануға берілді. Ел үшін стратегиялық маңызы зор көлік нысанының жаңаруы – өңір тұрғындары мен жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам.



жөніндегі басқарушы директоры Марат Есқалиев, сала қызметкерлері, ардагерлер мен қала тұрғындары қатысты.

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев теміржолшыларды кәсіби мерекесімен, шаһар тұрғындарын жаңарған теміржол вокзалының пайдалануға берілуімен құттықтады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көлік-логистикалық инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі тапсырмасы ауқымында Көлік министрлігі, «Самұрық-Қазына» АҚ және БҚО әкімдігі қолдауымен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы облыстағы төрт теміржол вок-

залын жаңалап-жаңғыртқанын атап өтті.

– Шыңғырлау мен Тасқала аудандарындағы теміржол вокзалдарының ескі ғимараттары сүріліп, жаңадан бой көтерді. Ал Орал мен Ақсай қалаларындағы вокзалдар қайтадан жаңғыртылды. Бұл жобаларға республикалық және жергілікті бюджеттен 7,6 млрд теңге бөлінді. Осылайша Мемлекет басшысының тапсырмасы толық орындалды. Сән-салтанаты келіскен нысандардың құрылысын сапалы жүргізген әрі мерзімінде аяқтаған мердігер компания ұжымына облыс тұрғындары атынан алғыс білдіремін. Жаңарған вокзалдар халық игілігіне ұзақ жыл қызмет етеді деп сенемін, – деді облыс әкімі.

(Жалғасы 3-бетте)



Жақында облыс әкімдігінде 2024-2028 жылдарға арналған Су шаруашылығы саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру туралы кеңес өтті.

**Нұрым ҒҰМАР,
«Орал өңірі»**

Өңір басшысы Нариман Төреғалиев төрағалық еткен осы іс-шараға облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары мен жауапты сала мамандары қатысты. Жиында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Марат Молдашев, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Бейімбет Мусин, облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Мирболат Нұржанов баяндама жасады. Алдымен облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің 2024-2028 жылдарға арналған Су шаруашылығы саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың іске асырылуын назарда ұстау қажет екенін айтты. «Мемлекет басшысы су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, су ресурстарын тиімді пайдалану, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту және халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Осыған байланысты Үкіметпен бекітілген кешенді жоспар аясында өңірімізде іске асырылып жатқан барлық іс-шараның орындалу барысын жан-жақты талқылап, саладағы мәселелерді анықтап, оларды шешу бойынша нақты тапсырмалар беруіміз қажет», – деді өңір басшысы.

Одан кейін ҚР Су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарының облыс бойынша орындалуы туралы Марат Молдашев баян етті. Спикер сөзіне сүйенсек, бүгіндері облысымызда 160 гидротехникалық құрылым бар, оның ішінде су жинау сыйымдылығы 669 млн текше метрді құрайтын 39 су қоймасы (14 республикалық, 25 ком-



муналдық), жалпы ұзындығы 2038,16 шақырымды құрайтын 59 канал (55 республикалық, 4 коммуналдық) есепке алынған. Сондай-ақ 6 тоған, 1 бөгет, 4 гидроторап, 49 лиман және 2 сорғы стансасы жұмыс істейді. Қазіргі уақытта коммуналдық меншіктегі 25 гидротехникалық құрылымның 20-сы қанағаттанарлықсыз жағдайда.

– ҚР Үкіметімен бекітілген Қазақстан Республикасы Су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес облысымызда жалпы саны 148 іс-шара жоспарланған.

Қазіргі таңда облыстағы барлық суарылған алқап көлемі 13 193 гектарды құрады, соның ішінде су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы 12 805 га, атап айтсақ жаңбырлатып – 11 181 га, тамшылатып 1 624 га және басқа тәсілдермен 388 га алқап суарылды.

Өткен жылдармен салыстырғанда биыл су үнемдеу технологиясы арқылы суарылған алқаптың көлемі өсті. Соңғы үш жылда үнемдеу технологиясы арқылы суару көлемі 4 874 га ұлғайды. Суармалы алқаптарды ұлғайту жоспарына сәйкес 2030 жылға дейін бұл көрсеткішті 36 200 гектарға жеткізу межеленуде.

Қазірде Жалпақтал су қоймасы құрылысына қатысты ЖСҚ мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды, жоба құны – 8,2 млрд теңге. ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі жоба құрылысына мердігерді анықтау үшін конкурс жүргізуде. Сексенбай су қоймасы құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалды. Тапсырыс беруші – ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитеті. Бес нысанға жаңғырту және күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. «Қазсушар» РМК-ның облыстағы филиалымен Киров су қоймасының рекон-


струкциясы және Мамай гидроторабын жөндеу жұмысы аяқталды. Сондай-ақ Бәйте-рек ауданының Чиров, Тасқала ауданының Аяқ және Жәнібек ауданының Жақсыбай ауылдары тұсындағы су қоймаларының реконструкциясы аяқталды. Бүгінде 3 каналды жаңғырту жұмысы жүруде. Бұл жобалардың жалпы құны – 11 млрд теңге.

«Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалы «Жәнібек магистральды каналының реконструкциясы» жобасын іске асыруда. Жоба құны – 4,6 млрд теңге, 2025 жылы 1,2 млрд теңге игерілді. Сондай-ақ Тасқаладағы Жайықбай каналын жаңғырту басталды. Жоба құны – 1,7 млрд теңге. Жергілікті және республикалық бюджет, Ұлттық қор қаражаттары есебінен ұзындығы 95 шақырым болатын «Жайық – Шалқар» каналы жаңғыртылуда. Жобаның жалпы құны – 4,7 млрд теңге. Үш каналды реконструкциялау бойынша жобалық-сметалық құжаттама дайын. Олардың құны – 9,6 млрд теңге. Тайпақ, Айдархан, Сәңкібай каналдарын қайта құру жобасына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы берілді. Жоба құнына тоқталсақ, Тайпақ каналы – 5,3 млрд теңге, Айдархан – 1,8 млрд теңге, Сәңкібай – 2,471 млрд теңгені құрайды. Оған қоса Көшім, Бударин, Первомай, Фурман каналдарын реконструкциялауға қатысты ЖСҚ мемлекеттік сараптамадан өтуде.

Жайық – Көшім суару-суландыру жүйесінің Көшім каналы (22 шк) мен Шаған арнасын (46,8 шк) механикалық тазарту жобасы бойынша бүгінге дейін 1,3 млрд теңге игерілді. Тасқала ауылындағы Деркөл өзенін (7 шк) кеңейту, арнасын тазарту және түбін тереңдету жұмысы жүргізілуде. Биыл республикалық бюджеттен 435 млн теңге бөлінді.

2025 жылы облыс әкімдігінің коммуналдық меншігінен 35 канал (705,7 шк) мен 17 лиманды суару учаскесі (51,3 мың га) алынып, кәсіпорын теңгеріміне табысталды. Қазіргі уақытта Барбастау өзені бойындағы төрт су қоймасын (Покатилов, Ұзынкөл, Жаңаөмір, Кемер) республикалық меншікке табыстау үшін келісім жүргізілуде. Су қоймаларына қоса, оларды қайта құру бойынша төрт жобалық-сметалық құжаттама да табысталатын болады. Жалпы құны – 4,3 млрд теңге.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысында 79 су нысаны бойынша 90 елді мекенде жалпы ұзындығы 181 ша-





қырым болатын су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленді. 2026 жылы жергілікті бюджеттен 37 су қорғау аймағы мен белдеуін белгілеуге 47,5 млн теңге бөлінді. Қазіргі уақытта тиісті құжаттар әзірленуде.

Батыс Қазақстан облысы бойынша 2024-2028 жылдарға арналған Су саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспар іс-шараларының орындалуы бойынша жалпы саны 148 іс-шара қарастырылған, оның ішінде республикалық деңгейдегі (Су ресурстары комитеті) – 57, жергілікті атқарушы құрылымдар бойынша – 91 іс-шара. Бүгінгі күнге дейін 59 іс-шара орындалды (Су ресурстары комитеті – 9, жергілікті атқарушы құрылым – 50), 38 іс-шара орындалмаған, – деді М. Молдашев. Содан соң облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Бейімбет Мусин Су шаруашылығын дамыту бойынша баяндама жасады. Оның айтуынша, Үкімет қаулысымен бекітілген жол картасына сәйкес өңірімізде 2026 және 2029 жылдар аралығында 153 шақырым болатын су және су бұрумен жабдықтау желілеріне жөндеу жүргізілмек. Бүгінде сумен жабдықтау және су бұру саласында «Батыс су арнасы» ЖШС жалпы құны 5,8 млрд теңгені құрайтын 4 жобаны іске асыруда. Оның аясында 2 су сорғы стансасы, 2 кәріз сорғы стансасы қайта жаңғыртылып, 5 су ұңғымасы бұрғылануда.

Бүгінгі күні құрылыс-монтаж жұмысының орындалуы – 65%. Барлық нысанды жылыту маусымы басталғанға дейін пайдалануға беру жоспарланған. Нәтижесінде Орал қаласының су өндіру қуаты тәулігіне 18 мың м³-ге артып, кәріз сорғы стансалары тәулігіне 51 мың м³-ге дейін су өткізеді. Бұдан бөлек, 2026-2027 жылдары жалпы құны 26,2 млрд теңгені құрайтын сегіз жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Оның ішінде Ақсай қаласындағы төрт жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмысы осы жылы басталады, ал Орал қаласындағы төрт жоба келісу сатысында тұр. Бұл жобалар аясында барлығы 130 шақырымнан астам су құбыры және кәріз желілері жаңғыртылады. Жобаларды іске асыру нәтижесінде 2029 жылға қарай су құбыры желілерінің тозуы 60,4%-дан 43%-ға дейін, ал кәріз желілерінің тозуы 61,2%-дан 48%-ға дейін төмендейді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша су беру көлемі 13 861,97 мың текше метрге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 98,75 мың текше метрге немесе 0,7%-ға артты. Оның ішінде халыққа су беру көлемі 10 903,52 мың текше метрді, бюджеттік ұйымдарға – 811,18 мың текше метрді, ал өзге тұтынушыларға –

2 147,13 мың текше метрді құрады. Су көлемі тұтынуын азайту мақсатында 2026 жылғы шілде айында Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік су инспекциясы ірі су тұтынушыларға айналымды сумен жабдықтау жүйесін енгізу және пайдалану қажеттілігі туралы тиісті нұсқамалар жолдады. Бүгінгі күні «Батыс су арнасы» ЖШС тиісті жұмыс жүргізуде, – деді басқарма башысы Б. Мусин.

Жиынға қатысқан облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Мирболат Нұржанов «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында оқушыларға су үнемдеу мәдениетін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды айтып өтті. Бүгінде Су ресурстары және ирригация министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен «Суды үнемде – болашақты сақта!» атты кең ауқымды ақпараттық-ағартушылық іс-шара жүзеге асырылуда. Жобаның негізгі бағыты – балалар мен жастар арасында су ресурстарына ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру. Осы бастама аясында мектептерде экологиялық және сынып сағаттары, ашық сабақтар, танымдық кездесулер, экологиялық акциялар, шығармашылық және зерттеу жобалары ұйымдастырылуда. Мектептерде «Суды үнемде – болашақты сақта!» эко-сағаттары, «Әр тамшы маңызды» ақпараттық акциясы, «Менің отбасым суды үнемдейді» челленджі, «Су ізі» зерттеу жұмысы, шығармашылық байқаулар мен «Таза жағалау» экологиялық акциясы өткізіледі. Бұл жобалар арқылы оқушыларға су ресурстарын ұқыпты пайдалану, су көздерін қорғау, табиғатты аялау және күнделікті өмірде суды үнемдеу дағдыларын қалыптастыру көзделген.

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев аталған кешенді жоспардың әр тармағы белгіленген мерзімде әрі сапалы орындалуы тиіс екенін айтты. Кеңес қорытындысында жауапты мекемелерге бірқатар нақты тапсырма жүктелді. Атап айтқанда, су саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың орындалуын бақылау, «Барбастау өзеніндегі су қоймалары каскадын толықтыруға арналған сорғы стансасының құрылысы» жобасының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу мен сараптамадан өткізу, сондай-ақ Раздольный ауылы маңындағы Рубежка өзеніндегі су қоймасын реконструкциялау жобасы бойынша конкурстық рәсімдерді бастау тапсырылды. Сонымен қатар аталған жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету және олардың сапалы орындалуын бақылау міндеті жауапты басқармалар мен облыс әкімінің салаға жетекшілік ететін орынбасарларына жүктелді.

Жайық өзенінен өтетін жаңа көпір бой көтереді. Облысқа жұмыс сапарымен келген ҚР Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев осы нысан туралы ақпаратқа қанықты.

Мемлекет басшысының тапсырмасы ауқымында жүзеге асатын бұл инфрақұрылымдық жоба өңір үшін стратегиялық маңызға ие.



Жайық үстінен жаңа көпір салынады

Облыс әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, жаңа көпір техникалық тексеру қорытындысымен апаттық деп танылған ескі көпірлердің маңында бой көтереді. Нысан халықаралық маңызы бар «Ақтөбе – Орал – РФ шекарасы» аутожолының бойында салынады.

Жоба бойынша жалпы ұзындығы 8 шақырым аутожол, 513 метрлік арналық және 1710 метрлік жайылмалық заманауи монолитті қос көпір салу жоспарланған. Қазіргі таңда жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп, тиісті мемлекеттік құрылымдардың келісу рәсімдерінен өткен. Жобада жаңа технологиялар мен инженерлік шешімдер қолданылады.

Облыс әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, министр жобаны мемлекеттік

сараптамадан өткізу жұмысын жеделдетуді тапсырды. Сондай-ақ қаржыландыру мәселесі қарастырылатынын айтып, жобаны іске асыру кезінде бюджет қаражатын үнемдеуге және құрылыс сапасына басымдық беруді міндеттеді.

Өңірде Қазақстан мен Ресей арасындағы көлік дәліздерінің бірі саналатын «Сырым» шекаралық өткізу бекеті жаңғыртылуда. Құрылыс учаскесіне барған Көлік министрі жобаның стратегиялық маңызы жөнінде айтты. Министрдің сөзінше, «Сырым» бекеті Қазақстан мен Ресей арасындағы ғана емес, Орталық Азия елдерімен сауда-логистикалық байланысты қамтамасыз ететін маңызды транзиттік нысан саналады. Осыған орай Н. Сауранбаев құрылысты белгіленген мер-

зімде аяқтауды, құрылыс-монтаж жұмысының қарқынын жеделдету бойынша нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды.

«Қазавтожол» ҰК» БҚОФ директоры Асылбек Марданның айтуынша, жобаның 41%-ы орындалды. Қазіргі уақытта 116 жұмысшы мен 20 арнайы техника еңбек етуде. Жобаның жалпы құны – 20,8 миллиард теңге.

Айта кетейік, Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев өңірдің көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі кеңес өткізді. Бұл жиынға облыс әкімі, мердігер компаниялар, мамандандырылған ұйым өкілдері қатысты. Жиында Индербордан Оралға дейін теміржол тарту және Атырау – Орал аутожолын жөндеу мәселесі пысықталды.

Жаңғырып-жайнаған ВОКЗАЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Іс-шарада Орал стансасының басшысы Нұрлан Хайров, фронтальды тиегіштің операторы Жасбатыр Мұхтаров, энергетик Әсет Жазықбаев, жоба жетекшісі Айбек Ихсанов, тағы басқалары Көлік министрі мен облыс әкімінің алғысхаттарымен марапатталды.

Жаңғырту барысында жолаушыларға барынша қолайлы жағдай жасауға басымдық берілді. Вокзал ғимаратына төрт эскалатор мен үш жеделсаты орнатылып, теміржол рельстерінің үстінен заманауи конкурстық өткел салынды. Соның нәтижесінде жолаушылар бұрынғыдай жерасты өткелімен емес, перронға тікелей әрі қауіпсіз өте алады. Сондай-ақ ғимараттың инженерлік инфрақұрылымы толық жаңартылып, ақпараттық және навигациялық жүйелер заманауи талаптарға сәйкес жұмыс істейді. Одан бөлек жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға ерекше



Мәди САЛЫҚ

мән берілген. Ана мен бала бөлмесі, қонақүй үлгісіндегі демалыс бөлмелері жабдықталып, ерекше қажеттілігі бар азаматтардың кедергісіз жүріп-тұруына барлық мүмкіндік қарастырылды. Сонымен қатар ғимараттың барлық инженерлік инфрақұрылым желілері толық жаңартылды. Ал жергілікті бюджет қаражаты есебінен вокзалға іргелес аумақ абаттандырылды. Вокзал мекемесінің жалпы ауданы 5778 шаршы метрден 6346 шаршы метрге дейін ұлғайды.

Айта кетейік, жаңғыртылған Орал теміржол бекеті өңірдегі маңызды көлік тораптарының бірі саналады. Қазіргі таңда мұнда бір халықаралық, үш облысаралық және екі облысшілік тұрақты жолаушылар пойызы қатынайды. Жаңа вокзал кешені тәулігіне 1800 жолаушыға қызмет көрсетуге қауқарлы. Сондай-ақ мұнда күн сайын 7 жұп пойызға қызмет көрсетіледі. Осылайша Орал теміржол вокзалы ғимараты бір ғасырдан астам уақыт ел мен елді, жүрек пен жүректі жалғап келеді.

Материалдарды дайындаған Гүлфия ҚОЛҒАНАТОВА, «Орал өңірі»



Сұлу көлді тербеген агрофестиваль

Шілденің 31-і мен тамыздың 1-і күндері Бәйтерек ауданының Сұлу көл ауылында V «Жер ырысы – 2026» агрофестивалі өтті. Дала төріндегі дүбірлі тойдың ашылуына облыс әкімі Нариман Төреғалиев, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Назгүл Хатепова қатысты.

Ясипа РАБАЕВА,
«Орал өңірі»

**БАС ҚОСАТЫН
НЕГІЗГІ АЛАҢ**

Осымен бесінші рет ұйымдастырылған фестиваль биыл да екі күнге созылды. Мерейтойлық басқосуға өзге аймақтардан және алыс-жақын шетелден келген 40-тан астам компания, отандық және шетелдік ғалымдар, сала мамандары, фермерлер жиналды. Іс-шара өтетін алаңқайдың сол жағында ауыл шаруашылығы техникалары орын тепсе, оң жақ бетіндегі этноауыл көз қызықтырды. Шыңғырлау, Бөрлі, Қаратөбе, Сырым, Бәйтерек, Тасқала және Ақжайық аудандары тіккен ақ қанат киіз үйлер, алты бақан мен асық ойнауға арналған алаңдар ерекше көрінді. Жалпы биылғы фестиваль сәнді де мәнді безендірілуімен ерекшеленді. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев агро-өнеркәсіп техникаларының көрмесін тамашалап, жәрмеңкеге келген жергілікті тауар өндірушілермен және қолөнершілермен тілдесті.

– Фестиваль 2022 жылдан бері «Агросервис-Батыс» ЖШС базасында «Дала күні» сипатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Жыл сайын іс-шара ауқымының кеңейіп жатқаны бұл алаңның маңызы мен жоғары беделін айқын көрсетеді. Батыс Қазақстан облысы – индустриалды-аграрлық әлеуеті зор, географиялық әрі логистикалық мүмкіндіктері мол шекаралық аймақ. Сонымен бірге біздің өңір – қазақтың асыл тұқымды ақбас ірі қара малының, көшім жылқысының, еділбай және етті-жүнді «Ақжайық» қой тұқымдарының атамекені. Климатқа төзімді, өнімділігі жоғары осы асыл тұқымдарды кеңінен насихаттап, олардың әлеуетін толық пайдалану – басты міндетіміз. Бүгінгі фестиваль – осы жолдағы нақты қадамдардың бірі, – деді іс-шараның ашылуында сөз алған облыс әкімі Нариман Төреғалиев.



Өңір басшысы Президенттің тікелей тапсырмасымен аграрлық салаға мол қаржы бөлініп, мемлекеттік қолдау тетіктері айтарлықтай кеңейтілгенін атап өтті. Аймақтың агроөнеркәсіп кешенін қолдауға бағытталған шараларға да тоқталды. Мәселен, кейінгі 3 жылда бұл салаға 190 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Әкім облыстың егіс алқаптарын әртараптандыру, заманауи техникаларды лизингке алу және минералды тыңайтқыштарды қолдану көрсеткіштері бойынша өзге өңірлерге үлгі болып отырғанын атап өтті. Бұл жетістік жергілікті барша ауыл шаруашылығы еңбеккерінің маңдай терінің жемісі екені даусыз. Көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын қаржыландыруға 22,9 млрд теңге қарастырылған. Бүгінде оның 15,3 млрд теңгесі «Кең дала» және «Кең дала - 2» бағдарламалары арқылы 5% жеңілдетілген несие ретінде берілді. Мемлекет тарапынан тыңайтқыштар сатып алу шығынының 60 пайызы субсидияланған. Күзгі дала жұмысына 11,2 мың тонна

арзандатылған дизель отыны бөлінді. Биыл егін өнімділігі көпжылдық орташа деңгейден төмен болмайды деп болжанып отыр. Бүгінгі күнге дейін күздік бидай мен қара бидайдың 52,3 мың гектары орылып, 170 мың тонна астық бастырылды, орташа өнімділік гектарына 32,4 центнерден айналууда. Облыс әкімі өңірде егіс алқаптары аутоматтандырылып, шаруа қожалықтары «ақылды технологияларды» кеңінен қолданатынын ерекше атап өтті. Осы қажырлы еңбек пен өндіріске енгізілген цифрлық шешімдердің нәтижесінде батысқазақстандық диқандар мол өнім алуда. Ал «Агросервис-Батыс» компаниясы күздік бидайдың әр гектарынан 50-70 центнерге дейін өнім отуда.

ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Назгүл Хатепова фестиваль мемлекеттік құрылымдардың, бизнес өкілдері мен аграрлық сарапшылардың басын қосатын үлкен алаңға айналғанын айтты.

– Мемлекет басшысының ауыл шаруалығын ел экономикасының ең негізгі қоз-

ғаушы күшіне айналдыру жөніндегі тапсырмасы бар. Соңғы екі жылда бұл сала үлкен жетістікке жетті. Қазақстандық диқандар рекордтық өнім жинап жүр. Батыс Қазақстан облысы да жоғары көрсеткіштерге ие. Мұның барлығы ең алдымен шаруалардың агротехнологияларды қажетті деңгейде қолданып жатқанын көрсетеді. Игі істер мемлекеттік қолдау шараларының арқасында жүзеге асуда. Яғни жеңілдетілген несие бағдарламасы іске асуда, тұқым шаруашылығы, минералдық тыңайтқыштар мен ауыл шаруашылығы техникалары мемлекет тарапынан субсидияланады. Бұл – шаруалар үшін үлкен қолдау. Биылдан бастап мал шаруашылығын дамыту бойынша кешенді жоспар бекітілді. «Игілік», «Береке» және «Жайлау» бағдарламалары бойынша 6 пайызбен жеңілдетілген несие беріліп жатыр. Батыс Қазақстан облысына 3,5 млрд теңге бірінші транш бөлінді. Шаруаларға жақын арада несие беріледі, – деді ҚР АШ вице-министрі Назгүл Серікқалиқызы. «Агросер-

вис-Батыс» ЖШС директоры, фестивальді ұйымдастырушы Армат Бисенов іс-шара барысында қызықты, танымдық ақпараттың көмегімен көпшіліктің ауылға қызығушылығын оятуды көздейтіндерін айтты. «Өйткені агрофест – ел игілігі үшін еңбек етіп жүргендерді біріктіретін бірегей алаң» деді ол. Фестивальге алыс-жақыннан келіп жатқан қонақтарға, ойдағыдай өтуіне атсалысатындарға ризашылығын білдірді.

МАЗМҰНДЫ СЕССИЯЛАР

Екі күндік агрофестивальде экономика мен мемлекеттік саясат, экспорт пен логистика, топырақ қорғау, заманауи мал шаруашылығы, мал асылдандыру ісі секілді тақырыптарда сессиялар өтті. Басқосуды жүргізген «Агросервис-Батыс» ЖШС-ның басшысы Армат Бисенов спикерлерге тақырыптарды ашатын сұрақтар қойып, қатысушыларға да сауал жолдауға мүмкіндік берді.

«Экономика және саясат» тақырыбы арқау болған сессияға қатысқан ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Назгүл Хатепова өнімдерді экспорттау мәселесіне тоқталды. Мысалы, өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан 15,3 млн тонна астық экспорттаған. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Вице-министр бұл көрсеткішке жетуде мемлекеттік қолдау шараларының үлесі зор дейді.

– Былтырдан бастап экспорт кезіндегі транспорттық шығындарды субсидиялау





механизмі іске қосылды. Осы іс-шараға 32 млрд теңге қаражат бөлінді. Субсидиалау 1 млн тоннадан астам астықты қамтыды. Соның нәтижесінде біздің ел жаңа нарыққа шығу мүмкіндігіне ие болды. Қазақстан әлемдік мұхитқа тікелей шыға алмайды. Сондықтан біздің транспорттық, логистикалық шығындарымыз өте жоғары. Сол шығындарды азайту және әлемдік нарықтағы бәсекелестікті арттыру мақсатында транспорттық шығындардың бір бөлігі субсидияланады. Бүгінде Марокко, Алжир, Парсы шығанағы елдерінің, Еуропаның Нидерланды, Ұлыбритания елдерінің нарығына шығу мүмкіндігіне ие болдық. Бұл елдерден қазақстандық бидайға тұрақты сұраныс пайда болды. Бұдан басқа, жоғалтып алған нарықтарды қайтадан қалпына келтірдік. Яғни Иран, Қырғызстан, Әзірбайжан елдеріне бұрынғыдай бидай экспортын жандандыра түстік. Ал биылғы көрсеткішті айтсақ, қазіргі күннің өзінде 15,4 млн тонна астық экспортталды. Бұл былтырғы көрсеткіштен де жоғары. Сыртқы нарықтағы орнымызды ұстап қалдық деген сөз. 2025 жылы 7 млрд доллар ауыл шаруашылығы өнімін экспорттадық. Ал биылғы қаңтар-сәуір айларының қорытындысында 3 млрд доллар өнімді шетелге шығардық. Төрт айдың ішінде өткен жылдың жарты көрсеткішін орындадық та, оң экспорттық сальдоға шықтық. Экспорттың көлемі импорттың көлемінен 500 млн долларға артық болды. Бұл сыртқы нарықта қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді, – деді Назгүл Серікқалиқызы. Вице-министр айтып өткендей, Қазақстан ауыл шаруашылығы тауарларын экспорттаудан әлемдік үздік 10 елдің қатарына кіреді. Мысалы, ұн мен зығырды экспорттаудан екінші орында, жасымық бойынша төртінші орында тұр. Ал қайта өңделген тауардың бірі – өсімдік майларын шетелге шығарудан жыл соңында сегізінші орынға тұрақтаған.

«Астық Транс» компаниясының бірінші вице-президентінің міндетін атқарушы, «Қазақстанның астық одағы» ұйымының логистика комитетінің басшысы Жандос Қуанышов қазақстандық бидайдың шетелде жоғары сапасымен ерекшеленетінін айтты. Сондықтан өнімділік



ті арттыру үшін агротехнологияларды тиімді қолдану қажеттігін атап өтті. «Көлік инфрақұрылымын дамытудың, көлік шығынына берілетін субсидия көлемін арттырудың маңызы зор. Бұл біздің өнімдерге деген сұранысты арттыруға, жоғары табыс табуға жол ашады. Бүгінде агроөнеркәсіп кешенінде шамамен 3 млн қазақстандық жұмыс істейді», – деді Жандос Жұмашұлы. Бұл басқосуда фермерлер спикерлерге сұрақтар қойды. Мәселен, кәсіпкер Бауыржан Сабанов (суретте) вице-министрге үш сауал жолдады.

– Біріншіден, Батыс Қазақстан облысында етті мал саны миллионнан асты. Соның жартысы ауыл тұрғындарының. Бұл – үлкен мәселе. Біз халықты кооперацияға біріктірудің шешімін таба алмай жүрміз. Себебі тұрғындардың басын бір жерге тоғыстыру қиын. Фермер мен тұрғындардың малы бірге жайылады. Үкімет мал жайылымына жер береді. Ал кооперативті қалай ұйымдастыруға болады? Біздің өңір Ресейдің бес облысымен шекаралас. Ол жерлерде елді мекендер көп. Сол аймақтардағы халықтың көшуін тоқтату үшін, өмір сапасын арттыру үшін бағдарламалар қарастыру қажет. Бұл мәселе ұдайы айтылып жүр. Қазір фермерлерге, яғни мал шаруашылығына арналған мемлекеттік бағдарламалар бар. Алайда енді «Елді мекендердегі тұрғындардың басын қалай қосып, малын қалай біріктіру керек, сапасын қалай арттырамыз, оларды кім

ұйымдастырады, кім жауап береді?» деген сауалдарға жауап керек. Екіншіден, жер мәселесі бар. Бүгінде пайдаланылмаған жерлер Үкіметке қайтарылып жатыр. Бірақ малын тіркеп қойып, жерге көңіл бөлмейтіндер әлі де бар. Осы бағыттағы талаптарды күшейткен жөн деп білемін. Үшіншіден, су мәселесі. Оңтүстіктегі Жәнібек пен Бөкей ордасы ауданына су Ресейден сатып алынады. Мысалы, мен жем-шөп дақылдарын суарамын. Ол үшін бекітілген бір текше метрдің тарифі – ҚҚС-пен есептегенде 70 теңге. Бұл өте көп. Бұған суды сатып алатынымыз себеп. Ал шығынды фермерлер өтеуі керек. Мен мұны әділетсіздік деп есептеймін. Осы мәселені қарастырсаңыздар.

– Өте орынды сұрақтар қойдыңыз. Қазақта «Жалғыздың үні шықпас» деген мақал бар ғой. Жеке қосалқы шаруашылықтар бірікпей, үлкен көрсеткіштерге қол жеткізуі екіталай. Бірақ бұл жерде бір мәселені ескеруіміз керек. Кооперация құр ұранға айналмауы керек. Күні бүгінге дейін кооператив дамуының өзінде түрлі мәселе пайда болды. Қағаз жүзінде бар, іс жүзінде жоқ кооперативтер, мемлекеттік қолдау шараларын тиімсіз пайдаланғандар да анықталды. Сондықтан Ауыл шаруашылығы министрлігі осы аталған мәселелерді ескеріп, кооперативтер туралы жаңа заң жобасын әзірледі. Қазір осы бағыттағы кез келген ұсынысты қабылдауға дайынбыз. Жерді тиімді пайдалану да өзекті мәселе. Жуырда алғаш рет «Топырақты қорғау туралы» заң қабылданды. Оның негізгі мақсаты – жерді тиімді пайдалану, баптау, күтіп ұстау. Сондай-ақ жер иеленушінің мемлекет алдындағы жерді тиімсіз пайдаланған жағдайдағы жауапкершіліктері артты. Сондықтан халықтың арасында табиғи ресурстарға жауапкершілікпен қарау жөнінде түсінік жүргізу керек деп ойлаймын. Былтырдан бастап суға қатысты барлық мәселемен Су және ирригация министрлігі айналысады. Бірақ егер жекелеген аудандарда су тарифіне қатысты мәселе болса, осы кездесудің қорытындысы бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігінің аты-



нан хат жолдауға дайынбыз, – деді Назгүл Серікқалиқызы (суретте).

Осы ретте сөз алған ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Жасұлан Халиуллин механикаландырылған су көтергіші бар лимандық су жүйесі тарифінің ауыл шаруашылығы мақсатындағы суару суының тарифінен айырмашылығы өте жоғары екенін атап өтті. Бұл жерде сатып алынған суару суының тарифі 85%-ға дейін субсидияланады. Бірақ осының өзінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қалатын төлемнің өзі ағынды судан алатын тарифтен жоғары болып тұр. Басқарма басшысы құзырлы ведомствоға тиісті ұсыныстар жолдауға дайын екендерін айтты. Сондай-ақ өңірде кооператив құру жөнінде жан-жақты түсінік жұмысы жүріп, шаралар қолға алынғанын жеткізді.

ФЕРМЕРЛЕРДІҢ ТАБЫСЫ НЕГЕ АЗ?

Сесссия модераторы Азамат Бисенов астаналық «Zengi Group» компаниялар тобының және «Береке» ЖШС-ның жетекшісі Жәнібек Кенжебаевқа «Мемлекеттік бағдарламалар да, субсидиялар да бар. Бірақ қазақстандық фермерлердің табысы өздері қалағаннан неге аз?» деген сұрақ қойды.

Бұл азамат сегіз жыл бұрын Астанада квазимемлекеттік мекемеде менеджер болып қызмет еткен. Отыз жасында кенеттен мал шаруашылығымен айналысуға бел буған. Бүгінде оның фермасында 4 мың жылқы, екі мыңнан астам ірі қара және екі мыңнан астам қой-ешкі бар. Ол өзінің осы кәсіпті аяққа тұрғызу ба-рысында жасаған қателіктерінен түйген пайым-пікірін ортаға салды. Фермерлердің он қателігін атап көрсетті. Соның бірнешеуіне тоқталайық. 1-қателік, шаруашылықты есепке емес, түйсікке сеніп басқару. Яғни фермер өнімнің нақты өзіндік құнын білмейді де, соқыр сеніммен жұмыс істейді. Бұған оның қаржылық жоспарлау мәдениетінің жоқтығы себеп. 2-қателік, қызметкерлердің өмір сүру сапасын ескермеу. Яғни кейбір фермер «Жұмысшы қаладағыдай жайлылыққа көп мұқтаж емес» деген сеніммен жүреді. 3-қателік, сандық немесе цифрлық бақылаудың болмауы. Олар чиптеу мен спутниктік мониторинг жүргізуді артық

шығын санайды. 4-қателік, ветеринарлық нигилизм және малға вакцина егуден қорқу. Спикер бесінші қателік ретінде шаруалардың мемлекет беретін субсидияларды негізгі табыс көзі ретінде қарауын атады. Жәнібек Кенжебаевтың айтуынша, демеуқаржыны кәсіпті дамытуға берілген уақытша тетіктердің бірі ретінде бағалау керек.

Қазақтың ақбас тұқымының республикалық палатасының атқарушы директоры Бахтияр Өтелбаевтың айтуынша, палатаға осы тұқымды өсіретін 1084 шаруашылық қосылған. Олардағы 744 936 ақбас тұқымды малдың 527 мыңнан астамы асыл тұқымды мәртебесін алған. Мұндағы алдыңғы үштікті Батыс Қазақстан облысы бастап тұр. Өңірде 324 шаруашылық 187 000 астам ақбас тұқымды мал өсіреді. Бахтияр Бақытжанұлы саладағы кедергілерге де тоқталды. Мәселен, оның айтуынша, фермерлер үкіметтік қолдау шараларындағы импортқа тәуелді. Себебі «Игілік» және «Береке» бағдарламалары бойынша несиелеу негізінен шетелдік мал сатып алуға бағытталған. Отандық мал өсірушілерге басымдық берілмеген.



ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мал шаруашылығы департаменті директорының орынбасары Қасым Итқұсов (суретте) «Мал шаруашылығын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған кешенді жоспарына» тоқталды. Кешенді жоспарда мал басын өсіруге, өнімділікті арттыруға және экспорттық әлеуетті кеңейтуге бағытталған саланы мемлекеттік қолдаудың тәсілдері мен тетіктері қаралған. Мәселен, төрт түлік түрлерінің асыл тұқымды мал басын сатып алуға жылдық 6% жеңілдікпен несие беретін «Игілік» және «Береке» бағдарламалары іске қосылды. Сондай-ақ шалғайдағы жайылымдарды игеруге жылдық мөлшерлемесі 6%-бен бірыңғай жеңілдікті несие беретін «Жайлау» бағдарламасы бар. Оның бір ерекшелігі, инфрақұрылым (суландыру жүйесі, күн панельдері, баспана) салуға мүмкіндік береді. Оның жоғарыда аталған қос бағдарламадан айырмашылығы отандық немесе импорттық асыл тұқымды мал сатып алуға болады. Осылайша ішкі нарықты ынталандырмақ. Қасым Латыпұлының айтуынша, биыл «Жайлау» бағдарламасы Абай, Ұлытау, Қостанай және бірнеше облыста пилоттық жоба ретінде іске қосылған.

(Соңы 6-бетте)





Сұлу көлді тербеген агрофестиваль

(Соңы. Басы 4-5-беттерде)

Ал Павлодар облысынан келген фермер Дәулет Бакишев жерді жыртпай, топырақ қабатын бұзбай егін еуге арналған заманауи әдіс – No-till жөнінде баяндады. Яғни жерді нөлдік өңдеу жүйесінде дәстүрлі соқа қолданылмайды. Егістік беті өсімдік қалдықтарымен жабық қалады, ал тұқым тікелей жерге себіледі. Бұл әдіс топырақтың эрозиясын азайтып, ылғалды жақсы сақтайды. Жанармай мен уақыт шығынын үнемдейді. Сессия спикерлерінің қатарында РФ Самара ұлттық зерттеу университетінің кафедра меңгерушісі, «Агро инженерия» аграрлық карбон полигонының директоры Владимир Платонов та болды.

ҚЫЗЫҚТЫ ӨТКЕН ЖАРЫСТАР


Фестивальдегі тартысты өткен жарыстың бірі – жасы 18 айға дейінгі және 18 айдан асқан қазақтың ақбас тұқымды бұқаларының чемпионаты болды. Бұл сайыста облыстағы «Мұқадес», «Ораз», «Сәбит» шаруа қожалықтары мен «ҚазАқбас», «Перспектива КАН», «Ілбішін», «ЕгҚанат-Group» ЖШС-лары мен Абай облысының «Дәурен» ШҚ малы сарапқа салынды. Нәтижесінде 18 айға дейінгі санатта I орынды «Сәбит» ШҚ-ның лақап аты «Жүрек» бұқасы алды. Ал 18 айдан жоғары санатта I орынды «Дәурен» ШҚ-ның «Батпаны» иеленді. Айта кету керек, бұл жарыста жеңімпаздарға Chery аутокөлігі, ал 2-3-орын иелеріне мотоцикл мен теледидар тарту етілді.



– Біздің шаруа қожалық чемпионатқа жасы 18 айға дейінгі үш бұқа алып келді. Олардың екеуі I және II орындар алды. Бұл фестиваль ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдардың басын бір жерге тоғыстырып, тәжірибе бөлісетін жер деп ойлаймын. Іс-шараны ұйымдастырушыларға, қазақ ақбас тұқымның палатасына алғысымыз шексіз, – деді Ақжайық ауданының Алғабас ауылындағы «Сәбит» ШҚ өкілі Аяулым Қуаныш (суретте).



Айта кету керек, бұл чемпионатқа РФ Орынбор облысының «Ресей ғылым академиясының биологиялық жүйелер мен ауыл шаруашылығы технологияларының федералды ғылыми-зерттеу орталығы» ФМБФМ етті бағыттағы ірі қара мал тұқымының селекциялық-генетикалық орталығының жетекшісі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Кеңесбай Жоламанов төрелік етті.



– Мен осындай ауқымды фестивальге қатысқаным және қазақтың ақбас тұқымы арасында өткен чемпионатқа төрелік еткеніме қуаныштымын. Чемпионатқа асыл тұқымды, жоғары бағалуға лайықты жануарлар қатысты. Қазақтың ақбас тұқымы – Ресейде де, Қазақстанда да үздік тұқымдардың бірі. Олар табиғи жайылымда ұстауға жақсы бейімделген. Қазақстан Республикасында, атап айтқанда, Батыс Қазақстан облысында мал өсірушілердің селекциялық асылдандыру жұмысымен де, осы тұқымды өсіру технологиясымен де айналысатыны қуантады. Мен бұл мал тұқымының болашағы зор деп ойлаймын, – деді ғалым (суретте). Оның айтуынша, мұндай чемпионат мал тұқымының қалай дамып жатқанын, кемшіліктерін білу үшін қажет.

Дүбірлі өткен думанда ұлт-

тық ойындар мен өзге де жарыстарға тігілген жүлде қоры қомақты болды. Жұмысшы мамандық иелері – тракторшылар мен дәнекерлеушілер сыңа түсті. Қожалықтардың тракторшылары белгіленген уақытта шөп үйіп және арбаны қораға кіргізіп жарысты. Ал дәнекерлеушілер астау жасап, шеберліктерін паш етті.

– Жарыстың бірінші кезеңінде бес минутта УТО тракторымен орамашөп жинап, екінші кезеңде он минутта арбаны қораға кіргізу қажет болды. Мен алғашқысын үш минутта, соңғысын 3,5 минутта орындап, тракторшылар арасында бірінші орын алдым. Негізі, IT мамандығына оқыдым. Бірақ екі жылдан бері ауылда механизатор болып еңбек етіп жүрмін. Өзіме жұмысым ұнайды. Болашақта жеке қожалық ашып, мал шаруашылығымен айналысқым келеді. Жастарды бұл салаға тарту үшін ауылдық жерлерді көркейтіп, олар қызығатындай жағдай жасау керек деп ойлаймын, – деді Ақжайық ауданының Тінәлі ауылындағы «Нығмет» ша-



руа қожалығының тракторшы-механизаторы Мерей Бекетов (суретте). Ал дәнекерлеушілер арасында «Ақсауат» ЖШС дәнекерлеушісі Анарбек Жасқайратов 1-орын алды. Барлық жүлдегер-жеңімпазға 200 мың теңге – 500 мың теңге аралығында ақшалай сыйлық табысталды.

Фестивальде 2006-2009 жылы туған жастар мен жасөспірімдер арасында көкпардан облыс чемпионаты өтті. 1-орын алған Шыңғырлау ауданының БЖСМ балалары 1 млн теңгенің сертификатына ие болды. Жамбы ату сайысында үздік шыққан Арман Зұлқашев 500 мың теңгенің сертификатын алды. Тоғызқұмалақтан ерлер арасында Думан Шанов, әйелдер арасында Аида Карина

жеңімпаз болды. Асау үйретуден чемпион атанған Сырым ауданының жастар құрама командасы 500 мың теңгенің сертификатымен марапатталды.



– Біз бұл фестивальге жыл сайын келіп жүрміз. Мұнда жаңа достармен танысып, тың идеялар табамыз. Шаруашылыққа қажетті өнімдермен, заманауи техникалармен танысамыз. Біздің шаруашылық бидай егіп, жылқы өсіреді. Фестиваль биыл да өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Қазақтың ақбас тұқымының чемпионаты мен асау құрақтаған жігіттердің өнері ерекше ұнады, – деді дүбірлі тойды тамашалап жүрген бөрлілік «Панченко» ШҚ-ның басшысы Владимир Панченко (суретте).





Қаржы институтының әртекті инвестициясы

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев «Қазақстанның Даму банкі» АҚ басқарма төрағасы Марат Елібаевпен кездесіп, өңірдегі инвестициялық жобалар жайында сөйлесті.

Әкімнің қабылдауына облыстағы басқармалардың басшылары мен «Қазақстанның Даму банкі» АҚ өкілдері келді. Тараптар энергетика және көлік-логистика салаларында іске асырылып жатқан өңіраралық жобаларды, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономи-

калық дамуының басым бағыттарын талқылады. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысының Азия мен Еуропаны жалғайтын маңызды көлік-логистикалық торап ретіндегі стратегиялық маңызы атап өтілді. Атап айтқанда, аталмыш банк қаржыландырып отырған «ҚазАв-

тоЖол» ҰК» АҚ-ның республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қалпына келтіру және жаңғыртуға бағытталған инвестициялық жобалары талқыланды. Осы жобалар ауқымында компания Батыс Қазақстан облысындағы республикалық жолдардың бірқатар учаскесіне жөндеу жүргізуде. Қазіргі таңда қаржы институтының қолдауымен Орал – Атырау және Самара – Шымкент бағыттарындағы күрежолдар-

дың учаскелері жаңартылуда. Осы мақсатта аталған банк биыл 20 млрд теңге бөлсе, алдағы жылы тағы 80 млрд теңге қаражат қарастыруды көздеп отыр. Ал Белес ауылында бой көтеретін метанол зауытының құрылысын аталған банк қаржыландырады.

Кездесу барысында облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұржан Өтепбаев цемент зауыты, газтурбиналық стансаның қуатын ұлғайту, қонақүй және қалдықтарды қайта өңдеу кешендерін салу бастамаларына қаражат бөлу жөнінде ұсынысын айтты.

Банктің басқарма төрағасы Марат Елібаев Ақ Жайық өңіріндегі құрылысы жүріп жатқан «Сәтимола» кен орны еліміздің экономикалық әлеуетін дамытатын кешен екенін сөзге өзек етті. Егер калий тұздарын өндіруге арналған «Qazaq Kalium» жобасы жүзеге асса, Қазақстан бұл тыңайтқыш экспорты жөнінен әлемнің үздік он елінің қатарына қосылады.

– «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-ның негізгі миссиясы – еліміздегі ірі жобаларды қаржыландыру. Бүгінде «Qazaq Kalium» жобасын жүзеге асыру 2 млрд долларды құ-

райды. Осы күнге дейін келісімшарт аясында кен орнының құрылысына 450 млн доллар бөлу құпталды. Жоба бойынша кен орны 2029 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Қазіргі кезде әлем елдерінде калий тыңайтқышына деген сұраныс жоғары. Бұл жоба толық жүзеге асса, біз калий өнімін елімізге қоса, өзге мемлекеттерге де экспорттай аламыз. Жобаның алғашқы кезеңінде жылына 1,5 млн тонна калий өнімін өндіру жоспарланса, кейін өндіріс көлемі 6 млн тоннаға дейін ұлғайтылады. Бұл еліміздің ішкі нарығының сұранысын толық қамтамасыз етіп қана қоймай, өнімді Қытайға, Үндістанға, Бразилияға, Еуропалық одақ елдеріне, АҚШ-қа, Пәкістанға және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріне экспорттауға мүмкіндік береді. Батыс Қазақстан облысы бойынша қаржыландыратын бірнеше жоба жоспарда бар, – деді М. Елібаев.

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев Ақ Жайық өңірінің әлеуметтік-экономикалық бағыттарына серпін беріп келе жатқан «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-ға алғысын айтты. Алдағы уақытта да серіктестікті дамыта түстетінін жеткізді.

Жақында облыс әкімі Нариман Төреғалиев Корея Республикасында өткен халықаралық «FIRST» роботтық техника чемпионатында рекорд орнатып, I орынды иеленген «Toro Doro» командасын қабылдады.



Роботшыларымыз рекордпен оралды

Бүгінде аталмыш «Toro Doro» роботтық техника командасы «Оқушылар сарайы» МКҚК әлеуетіндегі үйірмеге қатысып, шеберліктерін шыңдап жүр. Робототехника үйірмесінің жетекшісі – ҚР «Үздік педагогі» төсбелгісінің иегері Нұрбол Қырықбаев. 2018 жылы өз жұмысын бастаған үйірме бүгінге дейін талай биіктерді бағындырып үлгерді. Мәселен, 2024 жылы АҚШ-тың Бостон қаласында өткен халықаралық робототехника олимпиадасында ел намысын қорғаған өңір командасы әлемнің үздік ондығына енді. 2025 жылы АҚШ-тың Чикаго қаласында өткен халықаралық дрондарды басқару чемпионатында II орынды иеленсе, сол жылы Қытай Халық Республикасында өткен халықаралық робототехника және инновациялық жобалар олимпиадасында III орынға қол жеткізді.

Өңір басшысы Нариман Төреғалиев жас өнертапқыштарды құттықтап, орталықтың жаңа бастамаларға жол ашып, халықаралық деңгей-

дегі жеңістерді еселей беретінін айтты.

– Жеті жыл ішінде Оқушылар сарайы робототехника саласында тұтас бір буынды, жас мамандар мен өнертапқыштарды тәрбиелеп шығарды. Бұл – балалардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, техникалық және инженерлік ойлау қабілетін дамытуға жақсы мүмкіндік. Бүгінде орталықтағы оқыту үдерісі жаңа деңгейге көтеріліп, 2026 жылы Цифрлық инженерия және IT бөлімі ашылды. Қазіргі таңда осы бөлімде 500 оқушы 12 бағыт бойынша тегін білім алып, бағдарламалау, робототехника, жасанды интеллект, дрондарды басқару және басқа да заманауи технологияларды меңгеруде. Бұл жетістіктерге мемлекет пен демеушілердің қолдауының арқасында қол жеткіздік. Атап айтқанда, «Сәби» қайырымдылық қорының қолдауымен 2022 жылы 23 миллион теңгеге робототехника кабинеті толық жабдықталды. Ал 2025 жылы дрондар мен жасанды интеллект кабинеті ашылды. Соны-

мен қатар осы бағыттарды дамытуға бюджеттен 28 миллион теңге бөлінді. Бұл – өңірімізде цифрлық білім беруді дамытуға арналған маңызды инвестиция.

Біз жас ұрпақтың сапалы білім алуына, өз қабілетін дамытуына және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына барлық қажетті жағдайды жасауға тиіспіз. «Оқушылар сарайының» бүгінгі жетістіктері – осы бағыттағы жүйелі жұмыстың нәтижесі, – деді облыс әкімі.

Айта кетелік, «FIRST LEGO League Korea Open Invitational 2026» халықаралық чемпионатына әлемнің 45-тен астам елінен келген үздік командалар қатысты. «Toro Doro» роботтық техника командасы алдымен чемпионаттың облыстық, кейін республикалық кезеңдерінде бақ сынап, жеңімпаз атанды. Ал Корея Республикасында өткен чемпионаттың «Robot Game» кезеңінде 545 ұпай жинап, әлемдік рекорд орнатты. Сонымен қатар «Rising All Star Award Winner» және «Vice Champion» атақтарына

ие болды. Кездесу барысында «Toro Doro» командасының жетекшісі Нұрбол Қырықбаев пен команда капитаны Әлислам Құрманғалиев өз әсерлерімен бөлісті.

Озық ойлы оқушыларға бағыт-бағдар беріп жүрген команда жетекшісі Нұрбол Қырықбаев үш күнге созылған халықаралық чемпионат тартысты болғанын айтты.

– FIRST (For Inspiration and Recognition of Science and Technology) – ғылым, технология, инженерия және математика (STEM) бағыттарын дамытуға арналған халықаралық білім беру бағдарламасы. Қазақстанда бағдарлама FIRST Kazakhstan жобасы аясында ұйымдастырылып, оқушылардың инженерлік ойлауын, бағдарламалау, робот құрастыру, ғылыми зерттеу, жобалау және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған.

Қазақстанда FIRST жарыстары бірнеше кезең бойынша өткізіледі. Атап айтсақ, облыстық, аймақтық турнирлер, Орталық Азия чемпионаты (Central Asia FIRST Championship) және халықаралық чемпионаттар.

2026 жылдың 3-5 шілдесі

аралығында Оңтүстік Кореяның Чонджу қаласында өткен халықаралық чемпионатта I орынды иелендік. Бұл бәсекеде Бразилия мемлекетінен келген команда бас жүлде, Турция – 2-орын, Малайзия – 3-орын, Германия – 4-орындарды еншіледі. Оқушылардың ата-аналарына дән ризамын. Олар балаларына қолдау көрсетіп, ұлттық тағамдарды, қазақы нақыштағы киімдерді беріп жіберді. Біз өзге мемлекеттерден келген қатысушыларға сый етіп табыстап, чемпионат жүлдегері атанып қоймай, ұлттық мәдениетімізді насихаттадық, – деді команда жетекшісі.

Кездесу барысында облыс әкімі Нариман Төреғалиев жауапты сала мамандарына келер жылы Ақ Жайық өңірінде роботтық техника додасын ұйымдастыруды тапсырды. Содан кейін «Toro Doro» командасының жетекшісі Нұрбол Қырықбаевқа алғысхат пен 300 мың теңгелік сертификат табыс етті. Сондай-ақ барлық оқушыны алғысхаттармен марапаттап, олардың әрқайсысына 100 мың теңгелік сертификаттар берді.

**Бет материалдарын дайындаған
Нұрым ҚАЙЫРБОЛАТҰЛЫ,
«Орал өңірі»**



Еселі еңбегі ел есіндегі

Тарихта өз қолтаңбасын қалдыратын адамдар болады. Олар атқарған қызметімен ғана емес, адамгершілік болмысымен, елге деген адалдығымен, кейінгі ұрпаққа қалдырған өнегесімен ерекшеленеді. Сондай азаматтардың бірі – мемлекет және қоғам қайраткері, еңбек ардагері Сағым Сапаров көз алдымызда жүрсе, торқалы 90 жасқа толған болар еді.



Саналы ғұмырын елдің дамуына, ауылдың өркендеуіне, халықтың әл-ауқатын арттыруға арнаған қайраткер 1936 жылдың 30 шілдесінде Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының Ақсуат ауылында көпбалалы қарапайым отбасында өмірге келді. Балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңімен тұспа-тұс өтті. Мектепте оқып жүрген кезінен-ақ егін алқабында еңбек етіп, шөп шауып, қоғамдық мал бағып, ауыл шаруашылығына өз үлесін қосты. Жасөспірім шағында атқарған бұл еңбегі кейін мемлекет тарапынан тылдағы еңбек ретінде бағаланды. Қаратөбе орта мектебін аяқтаған соң, еңбек жолын аудандық сотта сот орындаушысы қызметінен бастады. Қандай қызметте жүрсе де, білімге деген құштарлығын жоғалтпай, сырттай оқып, А. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының филология факультетін бітірді.

Жастайынан қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан Сағым Сапарұлының ұйымдастырушылық қабілеті ерте танылды. 1956 жылы Қаратөбе аудандық комсомол комитетіне мектеп бөлімінің меңгерушісі болып шақырылып, бір жылдан кейін комитеттің екінші хатшысы қызметіне көтерілді. Ал 1959 жылы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Осы жылдары жастар саясатын

дамыту, ауыл жастарын қоғамдық жұмыстарға тарту, мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру бағытында аянбай еңбек етті. Оның бастамашылдығы мен талапшылдығы көпшіліктің құрметіне бөленіп, жауапты қызметтерге жол ашты. Кейін Теректі аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып еңбек етті. 1963 жылы Приурал ауданындағы Макаров ауылына қоныс аударып, ұжымшар төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 1965 жылы ұйымдастырушылық қабілеті жоғары бағаланып, Орал облыстық партия комитетіне нұсқаушы қызметіне шақырылды. Бұл оның басқарушылық тәжірибесін шыңдап, үлкен жауапкершілік жүктеген кезеңі болды.

КАЗТАЛОВПЕН ТАҒДЫРЛАС ЖЫЛДАР

1973 жылдың қыркүйегі Сағым Сапарұлының өміріндегі жаңа белеске айналды. Ол Казталов аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып тағайындалды. Бұл қызметте ол құрылыс, мәдениет, білім беру және ауыл шаруашылығы салаларына жетекшілік етті. Сол кезеңде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретін көптеген шаруа жүзеге асырылды. Елді мекендерде әлеуметтік нысандар бой көтеріп, ауыл шаруашылығы өндірісі қарқын алды, мәдени

өмір жандана түсті. Ол әсіресе кадр тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Жас мамандарды қолдап, олардың тәжірибе жинақтауына мүмкіндік жасап, олардан жауапкершілігі жоғары басшылардың өсіп шығып, қалыптасуына ықпал етті. Әріптестері оның сабырлы мінезін, мәселені терең саралай білетін қасиетін, қарапайымдылығын және адамға деген құрметін ерекше бағалады.

Мен Сағым Сапарұлымен алғаш рет 1974 жылдың тамыз айының орта шенінде Ленин атындағы ұжымшардың №1 бөлімшесіне қарасты «Максим» қырманьында кездестім. Бөлімшенің агрономы едім. Қарауымда 7,5 мың гектар егіс алқабы болды. Егін орағының нағыз қызған шағы. Қырманда қырыққа тарта адам еңбек ететін. Сол күні аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Сағым Сапаровтың егіс алқаптарын аралап, қырманға келгенін естідім. Қасында Ленин атындағы ұжымшардың төрағасы Кәкім Құсайынов болды. Басшылар жұмыстармен еркін әңгімелесіп, олардың еңбек жағдайын, тұрмысын және қауіпсіздік талаптарының сақталуын сұрап жүрді. Ұжымшар төрағасы мені таныстырғаннан

кейін, Сағым Сапарұлы жылы жүзбен амандасты. Сол жылы ұжымшарда бітік егін өсіп, мол өнім алынды. Егін жинау науқанына көмек ретінде Семей облысынан комбайншылар өз техникаларымен келді. Астық тасымалдауға әскери бөлімнің сарбаздары жұмылдырылып, зауыттан жаңадан шыққан «ЗИЛ» жүк көліктері берілді. Сондай-ақ Прибалтика елдерінен келген механизаторлар да (оларды ауызекі «партизандар» деп атайтын) науқанда тер төкті. Қырмандағы жұмысқа мектеп мұғалімдері, жоғары сынып оқушылары, кеңсе қызметкерлері, шопандар мен малшылар да атсалысты. Ондағы мақсат – астықты ысырапсыз жинап алып, астық тапсыру жоспарын уақытында орындау. Ол жылдары аудандық партия комитеті егін орағы сияқты жауапты науқандар кезінде әр шаруашылыққа бюро мүшелерін практикалық көмек көрсету үшін уәкіл етіп жіберетін. Біздің Ленин атындағы ұжымшарға осындай жауапты міндет уәкілдікке Сағым Сапарұлы бекітілген еді. Ол ұжымшарды түгел аралап, біздің №1 бөлімшенің жұмысымен танысты. Еңбек қарқынына ризашылығын білдіріп, қандай көмек қажет екенін сұрады. Біз мемлекетке астық тасымалдауды жеделдету үшін қосымша төрт-бес жүк көлігі керек екенін айттық. Сағым Сапарұлы бұл мәселенің күрделі екенін жасырмай, аудандық егін жинау штабының басшыларымен сөйлесетінін және екі күннің ішінде жауап беретінін жеткізді.

Ол айтқан сөзінде тұрды. Екі күннен кейін «Максим» қырманьына астық тасымалдау үшін тіркемелері бар төрт «ЗИЛ» аутокөлігі бір аптаға бөлінгені туралы хабар жетті. Бұл біз үшін үлкен көмек болды. Астық өте мол еді, қырманға сыймай жатқан өнімді күзгі жауын-шашын басталғанға дейін уақытылы тасып үлгеруге мүмкіндік туды. Осы оқиға Сағым Сапарұлының сөзге берік, нақты іске мән беретін басшы екенін көрсетті. Кейін де оның ұжымшардың құрылыс материалдарды алуына, цемент мәселесін шешуге, мемлекетке ет тапсыру жоспарын орындауға және жаңа техникалар жеткізуге қолдау көрсеткенін талай естідік. Сағым Сапаров Казталов ауданы экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ол қай қызметте жүрсе де әділ шешім қабылдап, ел мүддесін бәрінен жоғары қойды. Сондықтан да

халықтың зор құрметі мен ықыласына бөленді. Осындай азаматпен бірге қызметтес болып, оның еңбегіне куә болғанымды әрдайым мақтан тұтамын.

ЗАМАНДАС ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Сағым Сапарұлы туралы жерлесіміз, Казталов ауданының құрметті азаматы Сағынгерей Қадошев тебірене еске алады. «Сағым Сапарұлы 1972 жылы Орал облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміндегі нұсқаушы қызметінен Казталов аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Ол кезде мен аудандық комсомол комитетінде бөлім меңгерушісі едім. Оның есімі бұған дейін де жақсы таныс болатын. Ол Қаратөбе аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарып, кейін облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып жүрген кезінде, Казталов ауданына жетекшілік ететін жауапты қызметкер ретінде жиі келетін. Аудандық комсомол ұйымының конференцияларына қатысып, жастармен кездесулер өткізіп, бағыт-бағдар беретін. 1972–1986 жылдары аудандық партия комитетінің екінші хатшысы ретінде құрылыс, жол, коммуналдық шаруашылық, тұрмыстық қызмет көрсету, сауда салаларының жұмысын үйлестірді. Сонымен қатар сот, прокуратура, милиция, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының қызметіне жетекшілік жасап, олардың жұмысына тұрақты бақылау жүргізді. Біздер, аудандық комсомол комитетінің қызметкерлері, пленумдар мен конференциялар қарсаңында Сәкеннің қабылдауына жиі баратынбыз. Ол дайындық барысын мұқият сұрап, нақты ұсыныстарын айтып, ақыл-кеңесін беретін. Талап қоя білетін басшы болғанымен, жастарға әрдайым қолдау көрсетіп, сенім артатын. Ол Казталов ауданының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосты. Сол кезеңде аудан, сондай-ақ Ленин атындағы колхоз, «Бостандық» және «Казталов» кеңшарлары мал шаруашылығын дамытуда, мал басын өз төлі есебінен көбейтуде республика және облыс көлеміндегі социалистік жарыстардың бірнеше мәрте жеңімпазы атанды. Аудан тұрғындарын тұтыну тауарларымен қамтамасыз етуде аудандық тұтынушылар одағы мен тұрмыстық қызмет





і азамат



көрсету комбинаты да жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Сәкең әділдік пен адалдықты өмірлік ұстанымына айналдырған азамат еді. Ол өзіне де, өзгеге де жоғары талап қоя білді. Қызмет барысында талапшыл әрі принципшіл болғанымен, күнделікті өмірде Сәкең өте қарапайым, адамгершілігі мол жан еді. Үлкенге ізет көрсетіп, кішіге қамқорлық танытатын. Мерекелік кештер мен отбасылық басқосуларда әдемі ән шырқап, ақжарма тілегін айтып, ортаның сәнін келтіретін. Көпбалалы, өнегелі отбасының тірегі болды. Казталовқа қоныс аударғанда төрт қызы, кенже ұлы Ғалым және қарт анасы бірге келді. Балалары мектепті жақсы тәмамдап, жоғары білім алып, өз мамандықтарының иесі атанды. Бұл жетістіктерде жары Гүлшара апайдың еңбегі ерекше. Ол бес баланы тәрбиелеп, қарт енесіне күтім жасап, отбасының берекесін сақтай білді.

1986 жылы Сағым Сапарұлы Орал облыстық партия комитетінің саяси-ағарту үйіне қызметке ауысты. Дегенмен біздің аға-інілік қарым-қатынасымыз үзілген жоқ. Отбасымызбен араласып, сыйластығымыз жалғаса берді. Сағым Сапарұлы саналы ғұмырының он төрт жылын Казталов өңірінің өркендеуіне арнады. Оның адал еңбегі, іскерлігі, әділдігі мен адамгершілік қасиеттері бүгінгі күні де ел жадында. Осындай азаматтың есімі мен еңбегі кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі болары сөзсіз», – дейді С. Қадощев.

ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН АБЫРОЙ

Өз ісіне деген адалдығы мен жоғары кәсіби деңгейі Сағым Сапарұлын Мәскеудегі КОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебіне алып келді. Аталған білім ордасында алған білімі, тәжірибесі оның басқарушылық қызметін жаңа деңгейге көтерді. Ел игілігі жолындағы ерен еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. 1976 жылғы 16 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Сағым Сапарұлы Еңбек Қызыл Ту ор-

денімен марапатталды. Бұл – ауданның ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, мол өнім жинап, республика көлемінде алдыңғы қатардан көрінген кезеңі еді. Осындай табыстардың артында Сағым Сапаров сынды іскер ұйымдастырушылардың қажырлы еңбегі тұрды. 1986 жылы ол облыстық саяси ағарту үйінің басшысы болып тағайындалды. Ал 1990 жылдан бастап Орал облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары әрі кинобейне қызметі басқармасының жетекшісі қызметтерін атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық қиындықтарға қарамастан, мәдениет саласының әлеуетін сақтап қалуға күш салды. Кино саласының материалдық-техникалық базасын сақтау, кадрлық құрамды жоғалтпау бағытында үлкен еңбек сіңірді.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де, Сағым Сапарұлы қоғамдық өмірден шет қалған жоқ. Ардагерлер шахмат клубының белсенді мүшесі ретінде түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Шахматты өмірлік серігіне айналдырып, жастарды ой еңбегіне, төзімділікке, парасаттылыққа тәрбиелеуге үлес қосты. Өмірлік серігі Гүлшира апаймен бірге өнегелі отбасы құрып, бес перзент тәрбиелеп өсірді. Қыздары Венера, Флора, Гүлсім, Светлана және ұлы Ғалым жоғары білім алып, әр салада ел игілігі үшін еңбек етуде.

Сағым Сапарұлының өмір жолына көз жүгірткенде, оның әрбір қызметі туған елдің дамуына арналды деген ойға келесің. Осындай тұлғалардың өнегелі өмірі – бүгінгі буынға бағыт-бағдар, ертеңгі ұрпаққа аманат. Өйткені елдің тарихы – оны өркендеткен азаматтардың тағдырымен өлшенеді. Бүгінде Сағым Сапарұлы арамызда болмаса да, оның жарқын бейнесі, ел үшін атқарған еңбегі, азаматтық келбеті халық жадында ұзақ сақталатыны даусыз.

Махамбет АБУЛХАТИН,
Казталов ауданының
құрметті азаматы,
«Құрмет белгісі»
орденінің иегері

ҚҰРМЕТТІ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ МЕН МАМАНДАРЫ!



Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Құрылысшы – елдің өркендеуіне, қалалар мен ауылдардың көркеюіне өлшеусіз үлес қосатын аса қадірлі мамандық иесі.

Сіздердің маңдай терлеріңіз бен адал еңбектеріңіздің арқасында жаңа үйлер, білім ордалары, ауруханалар, өндіріс орындары мен сәулетті ғимараттар бой көтеріп, халқымыздың игілігіне қызмет етуде. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

Құрметпен: Ольга ПОПОВА,
«Пик – 117» ЖШС-ның
бас директоры



ҚҰРМЕТТІ АҚ ЖАЙЫҚ ӨҢІРІ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН АРДАГЕРЛЕРІ!

Баршаңызды төл мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен құттықтаймын!

Құрылыс саласы – ел экономикасының іргетасы. Өңірімізде құрылыс саласы қарқынды дамып, зәулім ғимараттар бой көтерді. Бұл – сіздердің адал да қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесі. Үнемі ізденістеріңіз бен қарым-қабілеттеріңіздің арқасында қазақ еліндегі құрылыс едәуір дамып, халық жаңа стандарттар мен заманауи дизайнға бой

үйретуде. Еліміздің ажарын ашып, айбарын асқақтататын келісті келбетінің көркеюіне қосқан үлестеріңіз көз сүйсінтерлік. Құрылысшылардың жұмысы – бұл халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және елдің тұрақты дамуына бағытталған тынымсыз еңбек. Осы мереке қарсаңында сіздерге сарқылмас күш-қуат, еңбектеріңізге таусылмас жетістік, отбасыларыңызға ортаймас ырыс, бақ-береке тілеймін! Алға қойған жоба-жоспарларыңыз іске асырылып, кәсіби жетістіктеріңіз шыңдала берсін!

Ізгі ниетпен:
Замир СӨРСЕМБАЕВ,
«СВС Батыс» ЖШС-ның директоры

ҚҰРМЕТТІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ, ИНЖЕНЕР, АРХИТЕКТОР ЖӘНЕ ӘРІПТЕС ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Құрылысшы мамандығы – төзімділік пен жауапкершілікті, кәсібилік пен үлкен еңбекті қажет ететін абыройлы мамандық. Сіздердің қолтаңбаларыңызбен бой көтерген әрбір нысан – еліміздің дамуы мен болашақ ұрпақтың игілігі үшін жасалған баға жетпес еңбек. Осы мереке қарсаңында сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс пен мол ырыс тілеймін!

Әр күніңіз жарқын жетістіктерге, қуанышты сәттерге толы болып, армандарыңыз орындала берсін! Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз әрдайым жоғары бағалана берсін. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен:
Азамат ҒУБАЙДУЛЛИН,
«Наурыз» құрылыс-коммерциялық
фирмасы ЖШС-ның бас директоры




АСА ҚАДІРЛІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ҚАУЫМЫ, АРДАГЕРЛЕР, ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНЫҢ МАМАНДАРЫ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын көңілден құттықтаймын! Құрылыс – үлкен жауапкершілік пен жоғары кәсіби шеберлікті талап ететін маңызды сала.

Сіздердің күнделікті еңбектеріңіздің нәтижесінде жаңа ғимараттар бой көтеріп, қалаларымыз бен ауылдарымыз көркейіп, еліміздің дамуына тың серпін берілуде. Бұл – үлкен мақтаныш пен құрметке лайық еңбек. Осынау айтулы мереке күні сіздерге мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат, еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға шат-

тық пен береке тілеймін! Салып жатқан әрбір нысандарыңыз берік, қызметтеріңіз табысты болсын!

Құрметпен:
Абылай НҰРМҰҚАНБЕТ,
«Қалдығайты» ЖШС-ның
директоры





10 тамыз - Абай күні

АБАЙ – Кемел мұсылман



«Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз»

(Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев
«Egemen Qazaqstan» газеті,
09 қаңтар, 2020 ж.)

Абай қалдырған сарқылмас қазынаға терең бойлаған сайын, Абай ілімінің шексіздігі мен тереңдігі таңғалдырып, өзіне баурап-тартып, қанша уақыт өтсе де, өзектілігін жоймайтын, ұрпақтан-ұрпаққа қастерлеп жеткізетін білім екенін бар болмысыңмен ұғына түсесің. Тіршіліктің қай саласынан да өзекті жауап таба алатын дана ойшылдың еңбектері барлық тақырыпты қамтыған тәрбиелік шығармалар. Әр сөзі ғибрат! Бүгінгі тақырыбымда Абай шығармашылығының ішінен тек бірнеше **қара сөздеріне** сүйене отырып, ойшылдың **толық адамдық, кемел мұсылмандық** сипатына ғана тоқталмақпын. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін меңгерген, Құран мен хадисті, Ғазалидің еңбектерін зерделеген Абай философиясы өте терең. Ал **кемел мұсылмандық – бұл берік иман**. Жалпы, иман (ایمان – сенім: сену, илану, қабылдау) ұғымы – сену, нану, шын көңілімен қабыл ету, күмәнға жол берместен нақты, жүрекпен, шын ықыласпен сену деген мағыналарды беретіні баршамаызға аян. Сол сенім, шынайы иман болғанда ғана пендесі Жаратушының ғажайып тылсымына тереңдеп, құдіретіне бас иеді емес пе?!

Шынайы иманның ақыл мен жүрекпен қабылданған иман екенін айтып, «Аллаға шын ықыласпен құлшылық еткен адам оған ақылымен де, жүрегімен де, ісімен де қызмет етеді» дейді Абай.

«Жүрегінде бидайдай, арпадай иманы болып: «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед (с.ғ.с.) оның елшісі» деген адам жәһәннамнан шығады» (Бухари, Иман-33; Тирмизи, Жәһәннам-9; Ибн Мажа, Зухд-37) деген. Осы шынайы иманның тілдің ұшында, амал-

дың үстінде емес, жүректің ішінде екенін Абай 12-қара сөзінде: «Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. **Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен.** Әуелі – иманның игтиқатын махкамлемек керек, екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны Құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Уа-ләкин, кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүрген көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды», – деп көркемдейді.

Ижмали иман, тафсили иман, тақлиди иман, тахқиқи иман деп ғалымдарымыз түсінік берген иманның түрлерін Абай атамның меңгергенін иман негіздерін сипаттаған 13-қара сөзінен көре аламыз: «Иман деген – Алла табарака уа тағаланың шәриксиз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пайғамбарымыз салалаһу ғалайһи уәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ. **Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек.** Әуелі – не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел – испат қыларға жараса, **мұны яқини иман десе керек.** Екіншісі – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік боларға керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мыңкісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айналып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. **Бұл иманды иман таклиди дейміз.**»

Терең мағыналы қара сөздерімен иманның толық сипаттамасын, сенім мәселесін айшықтаған данағөй Жаратушыны тану тереңдігінің иманның беріктігіне тікелей байланысты екенін анық жазады. Дінді жаңа үйренуші ғана болсақ, Абай атамның ес-

керткендей, үйренген үстіне үйреніп, білім алып, ниетімізді тураласақ, нұр үстіне нұр болар.

Мағауия (р.а): «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла Тағала кімге жақсылық қаласа, соған дінді кеңінен, терең түсінуді нәсіп етеді» деп айтты», деген (Бұхари, ильм 10; Муслим, имара 175). Әр сөзінен Алланың көлемі мен хадистің лебін сезінетін ұлтымыздың маңдайына біткен біртуар ойшыл жанға берілген Жаратқанның нығметіне, әрі Пайғамбарымыз (с.ғ.с) салып кеткен сара жолда терең имани біліммен өзі де сусындап, жақсылығын ұрпағына да мұра еткеніне көз жеткіземіз.

Шығармаларында «надандық» саралайтын тұстарда ойшыл осы имани қараңғылықты сынап-сөгеді. Шынайы, кіршіксіз сенімге ие болғанда ғана, жасаған амалдарымыздың Алланың разылығына апаратынын ұғындырады. 34-қара сөзінде: «Жұрттың бәрі біледі өлетұғынын және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын, бір алғанды қайта жібермейтұғынын. Қазақ осыған да, амал жоқ, нанады, анық өз ойына, ақылына тексертіп нанбайды. Және һамманы жаратқан Құдай бар, ақиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсылыққа жарылғайды, жазғыруы да, жарылғауы да пенде ісіне ұқсамайды, безірек есепсіз қинауы да бар, безірек есепсіз жетістіруі де бар деп бәріне сендік дейді. Жоқ, онысына мен сенбеймін? Олар сендім десе де, анық сенген кісіге уайым ойлап не керек? Осы екеуіне лайықты жақсылықты өздері де іздеп таба береді. Егер де осы екеуіне бұлдыр сеніп отырса, енді неге сендіре аламыз? Оны қайтіп түзете аламыз? Оларды мұсылман деп, қалайша иманы бар ғой дейміз?» деп соқыр (бұлдыр) сенімнен алшақтау керектігін ұғындырады.

Абай шығармашылығы имандылықтың сырын ашып, кемел мұсылманның жүректен шыққан сөздері елітіп әкетеді. Сократ пен Аристодемнің диалогы етіп құрған 27-қара сөзі, «Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады?» деген 28-қара сөзі мен «Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пендеміз. Сол махаббат пен ғадәлтке қарай тартпақпыз, сол Алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Инандым, сендім

демек инандырамын, сендіремін деген емес» деген 45-қара сөзінен сезім шыңын бағындырған Абай атамның, дәл сол деңгейде өзгелердің де кәміл сенімге жетіп, ғайыпқа сенген адам баласын екі дүниеде де бақытты ететін терең білімді ұғындыруға тырысқан жан-дүниесі сезіледі.

Ал терең тағылымға толы 38-қара сөзі – том-том еңбекке арқау болатын құнды мұра. Күрделі де ерекше, тереңіне бойлап, әр сөзіне мән бере түссек, әр қырынан зерттеуге арқау болатын шығарма. Әр оқыған сайын жан-дүниенің толқытып, Алланың мұғжиза болған көлемін, Жаратқанның көркем есімдерін, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.), сахабалардың есімдерін әкеле отырып, терең ғылым мен білімге ұмтылып, шынайы махаббатты сезініп, ізденуіңе жетелейді. Құранда: «Сендер (Рабыларыңның қалауларымен) күллі адамзаттың игілігі үшін жаралған ең қайырлы үмбетсіңдер. Үнемі жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыясыңдар, Аллаға кәміл сенесіңдер» (3-110) деген мүмін сипатын толықтыратын адамгершілікті биік рухының, терең танымының биігінен түсіндірген Абай 38-қара сөзінде: «Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері туралы біраз сөз жазып ядкар қалдырайын» деп иманның негіздерін, мұсылманның парыздарын толық баяндайды.

Алланың шексіз құдіреті туралы «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды» дейді. Алла тағаланың бұлттардан жаңбыр жаудырып, бау-бақшаны өсірдік деп келетін Құранның Нәбә сүресінің 14, 15, 16-аяттарын сипаттағандай сезім тудыратын сөздері: «Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәрді өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын; хайуандар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін;



сулар балығын, балықтар икрасын, хатта ара балын, балауызын, құрт жібегін – һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық» дейді. Қиянаттан ада боп, адамдықтың биік үлгісін мақсат тұтуды жеткізе отырып, пенденің имани дәрежесінің тәрбиесіне атсалысқан тұлға осы қара сөзінде: «Қиянатшылыққа бір қарар тұрған адам – я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман. Алла та-барақа уатағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. «Тәфаккару фиғла иллаһи» деген хадис шариғтің «инналаһу йухиббул мұқситин» деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргенім жоқ. «.... инналаһу йухиббул мұхсин» (2-195), «уәлләзинә әмәну уәғәмилу салихати улайна асхабул жәннәти һәм фиһа халидун» (2-82) деген аяттар Құранның іші толған ғамалус-салих не екенін білмейміз. «Уа әммәлзина әмәну уәғамилус салихати фәйуәффиһим ужурәһум уаллаһу лә йүхиб-буз-залимин» (3-57) аятына қарасаң, ғамалус-салих залықтықтың зидды болар. Олай болғанда ғадәләт рафғат болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаясы жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ деген, пайғамбарымыздың салаллаһу ғалайһи уәс-сәлләмнің хадис шариғі «мән-лә хаяун лаһу» деген дәлел дүр, – деп Бақара, Имран сүрелерінен аят келтіре отырып, әр сөзін хадиспен қуаттауы Құранды меңгергенін білдіреді емес пе?

«Енді біліңіздер, ей, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол Алла тағаланың өзіндей ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді». Байқасақ, дәл осы жерде бізге тағы да таза мұсылман ғана толық адам, яғни кемел адам бола алатынын жеткізіп отыр.

«Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса – өзің ниһаятлысың, ол жол Құдайдың жолы емес. Ғаламнан жиылысын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадәләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – Құдайдың жолы. Ол ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың, ниһаятсыз құдаға тағырып хасил болып хас езгу құлдарынан болмақ үміт бар, өзге жолда не үміт бар? Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түзетпек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзіне бар дәулет біледі. Бұл істерінің бәрі өзін көрсетпек, өзін-өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақымақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Сыртқа қасиет бітпейді, Алла тағала қарайтұғын қалыбыңа, боямасыз ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынгандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? **Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйемектікпен өсер».** Мән берсек, Алланың біздің жүректерімізге қарайтынын, сырт көз үшін, біреудің «бәрекелдісі» үшін жасалған ісіміздің еш пайдасы жоқтығын қандай көркем түсіндіріп тұр. Ал енді, мұсылман болған соң, ораза тұтмақ, намаз оқымақ керек, ғиба-

датқа жетпесек кемшілік емес пе? деп ғибадаттың бағытында айшықтап, ашып береді.

Парыз болған намазымызды оқуға, намаз алдында дәретті міндеттеген қасиетті Құранды (Бақара -238), (Маида-6), намаздың парыздары мен ретін де, дәрет алууды да хәкім Абай толыққанды түсіндіріп, толық нұсқаулығын осы 38-қара сөзінде жазады.

«Руқұс бас ұрмақ – алдында құда хазірге ұқсас, ол да ишарат.

Сәжделер – әуелі жерден жаралғанына ықырары, екіншісі – және жерге қайтпағына ықырары, бас көтермек және тіріліп, сұрау бермегіне ықырарының ишараты.

Қағадат ұл-ахир – дұғаның ақырында Аллаға тахият, одан тәшәһһуд, одан салауат, пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уәссәлләмге айтпақ үшін ең ақырғы сәлемменен тауысасыз, яғни Алла тағаладан не тілеп дұға қылдыңыз. Ол дұға қазинасы күллі мұсылмандарды ортақтастырып, оларға да сәләмәтшілік тілеп һәм рахмет тілеп бітіресіз». Мәні мен мағынасы тереңде жатқан қара сөздерінің қайсысына үңілсек те, ойшылдың өз елі мен халқы, жамағаты үшін толассыз еңбектер жазып қалдырғанын ұғамыз. Ата-анадан, ұстаз бен өз ортамыздағы адамдардан естіп, көріп, үйреніп, еліктей жүріп келтірген иманды қуаттау үшін Абайдың сөзі – нағыз иман қайнар көз дер едім. Құран араб тілінде түскен мұғжиза болғандықтан, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оқығанда сахабаларымыздың бұл ғажап та көркем сөздерге дереу бойұсынып, иман келтіруі сол тілді терең түсінуінен. Араб тілін меңгерген Абай Құранды жүрек көзімен оқып, маңызына терең үңіліп, биік танымымен, терең ұғымымен, болмысымен түсініп, оны бізге қара сөзімен жеткізе білген. Ал біз, Құран оқығанда дереу оның бәрін толық түсініп, толық сезініп те кете алмаймыз. Әлбетте, біз Құранды дәл солай түсіне алуымыз үшін, бар ғаламаттын сезіне алуымыз үшін тілді меңгеріп, терең рухани білім алу қажетпіз. Сол олқылығымызды Абай шығармасы толықтырып, білімге шақырып тұрғандай. Сол көпшілік қолы жете бермес ғаламатты Абай құдды бір өз ұлтына өз терең білімімен, биік рухымен, жүрек көзімен және көркем де бай ана тілімен өз шығармаларында жеткізіп тұрғандай. Ғайыпқа иман етудің құдіретін жеткізеді. Кім сені сүйсе, оны сүйемектік қарыз емес пе? деп махаббаттың шыңы Аллаға деген махаббат екенін жүрегімізге салып, ойландырады. Оқығанын тоқыр жанға бұл ғибратқа толы уағыз.

Біртуар дана, хәкім Абай – Құранды толық меңгерген, хадистерді санасына сіңірген, және алған іліміне сай толық амал еткен кемел иманды мұсылман болғанына шөк жоқ. Иә, **Абай әлеміне бойлаған сайын Абай қалдырған сарқылмас қазына тұлғалық дамудың қайнар көзі екенін толық ұғынасың.** Әр сөзіне зер салған сайын көкірегіңде жаңа леп, жаңа тыныс сезіле түседі. Алланың рақымымен, осы шығармаларды жаза отырып, өзімді түсінуде, танымым да бір баспалдаққа болса жылжығандай сезімде болды. Көзі қарақты жанның жүрек көзінің жарқырай түсуіне, Абай шығармашылығын зерделей түсуге бұл еңбек те септігін тигізсе, мендегі мақсаттың орындалғаны, оқырманым!

Нұрлан ҚАБЫКЕШОВ,

облыстық дарынды балаларға арналған

Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының тәрбиешісі, педагогика ғылымдарының магистрі, дінтанушы



Жалған тілек жардан құлатады

Абай Құнанбайұлының оныншы қара сөзі – жәй айтылған сөз емес, адамға тура қарата, оның жан қалауы мен тән қалауына қарсы келетін тұшымды ой. Бұл сөзінде ол қазақтың бала мен малға деген ниеті жайлы айтады. Бірақ сипаттап, айту үшін емес, сол ниеттің ішкі жалғандығын әшкерелеу үшін жазады. Абайды қынжылтқан нәрсе – адамның Құдайдан сұрауы емес, нені және не үшін сұрап отырғанын өзі де түсінбеуі.

Адам баланы «Орнымды басын» деп тілейді. Бірақ Абай үшін бұл – бос сөз. Өзің өлген соң дүние иессіз қалмайды. Сенің орныңды басатындай қандай ерекше орның бар? Бұл тілек – жауапкершіліктен емес, ішкі қызғаныш пен қорқынштан туған ой. Адам өз өмірінде көрген қорлықты, жасаған қателікті мойындамай, сол тағдырды тағы бір балаға жүктегісі келді. Бала тілей отырып, оның қандай адам болып шығатынын ойламайды. Жақсысы – қуаныш, жаманы – өмір бойы күйік. Бірақ соған қарамастан сұрай береді, сұрай береді...

«Артымнан Құран оқысын» деу де Абай үшін шынайы ниет емес. Егер тірі кезінде жақсылық жасамаған адам болсаң, өлген соң баланың оқыған Құраны сені құтқармайды. Абай хәкім мұнда батырып жеткізеді: тірі кезде өзің істемегенді, өлген соң балаң істеп бермейді. Ахирет үшін бала тілеймін деу – ойланбай айтылған сөз. Өйткені баланың ержетіп, ата-анасын құтқарарлық адам болуы – өте сирек құбылыс. Оны тәрбиелейтін әке-шеше мен орта қандай екенін ұлт данышпаны тереңірек меңгерген.

Қартайғанда асырасын деу де сөз иесі үшін сылтау ғана. **Біріншіден**, адам сол жасқа жететініне кім кепіл болмақ. **Екіншіден**, баланың мейірімді болып тууы да белгісіз. **Үшіншіден**, малы жоқ ата-ананы асырау өзінен-өзі ауыр жүкке айналады. Ғахлияның ең ауыр жері – тәрбиені ашық әшкерелеуі. Ата-ана баланы өзі алдайды, өтірікке үйретеді, біреуді боқтатқызады, сенімсіздікке тәрбиелейді. Одан кейін сол баладан қайыр күтеді. Бұл – барып тұрған әділетсіздік!

Мал тілеу мәселесінде де ештеңені жасырып қалмайды. Құдай малды дайын күйінде бермейді. Ол еңбек етуге қуат береді, ақыл береді, ғылым береді. Бірақ адам соны пайдаланбайды. Еңбек етпейді, оқымайды, оңай жол іздейді. Біреуден қорқытып, біреуден алдап, біреуден жалынып алса болды деп ойлайды. Абай мұны Құдайдан тілеу емес, арды сату деп атады. Бұл сөз – өте ауыр, бірақ ондыққа тиер оқтай сөз.

Абайдың ең басты ойы осы жерде шығады: ғылымсыз дүние де жоқ, ахирет те жоқ. Ғылымсыз жасалған ғибадат та мәнсіз. Мал табудың өзі мақсат емес, сол малды дұрыс жұмсау маңызды екенін алға тартады. Бірақ қазақтан малды ит-тікпен тауып, адамшылықпен жұмсаған адамды көрмедім деуі қоғамның бет-бейнесі іспеттес. Бұл – арғы-бергі дәуірге кесілген үкім іспеттес.

Оныншы қара сөз – баланы да, малды да сынау емес. Ол – адамның ниетін сынау, жүрегінде жасырулы жұмбағын әшкерелеу. Тіпті нақтылап айтқанда, адамның қолына айна ұстатып, өз-өзіне есеп бер дегендей. Адам Құдайдан сұрап отырмын дейді, бірақ шын мәнінде жалқаулықты, жауапсыздықты, арзан жолды тілеп отырғанын аңғармайды. Осыны мойындамай, ешбір тілек адамды мақсатына жеткізбейді. Абайдың шындығы ауыр, бірақ одан қашқан сайын, шындығы сені қуалап, ізіңнен ілесіп келетіндей болады. Сөз арқылы ақын қазақты жек көргеннен емес, ояту үшін, жанын жақсылыққа жетелемейтін сапарын ауыстыруды, арнасын басқаға бұру керектігін айтты. Ол жұбатпады, ақтамады, сылтау іздемеді. Себебі шындықты жұмсартып айтса, әсері болмайтынын білді. Бала да, мал да – мақсат емес, сынақ. Сол сынақтан өтпей жатып, одан қайыр күту – өз-өзінді алдау. Міне, осыны Құнанбайдың ұлы ерте түсінген. Мұны ерте түсінуің ертеңің үшін таптырмас олжа екені анық.

Әйгерім ҒАБДОЛ, мектептен тыс жұмыс орталығының тәрбиеленушісі, жас тілші, Тасқала ауданы



Тереңнен тартқан алтын тамыр

Ойдың кейде кетемін орамына,
Қарасам өткен өмір жолдарыма.
Бала күннен өзіме-өзім сеніппін мен,
Сенетұғын басқа ешкім болмады да.

Тағдыр маған секілді шөл аралы,
Не ініні, қимапты не ағаны.
Өзімді-өзім жұбатқам жылағанда,
Өзімді-өзім жетелеп келем әлі.

Уәли Мырзағалиев

Еліне сыйлы ердің атын ұлықтап, өткенге тағзым ету – ұрпаққа аманат. Уәли әулеті тарихтың небір бұралаң тұстарын бастан кешіріп, Нарын құмында ірге бекіткен. Биыл осы әулетіміздің алтын діңгегі болған Уәли ақсақалдың туғанына 110 жыл, аяулы Күнзира анамыздың өмірге келгеніне 100 жыл толып отыр. Ұлағатты ұл, ізетті іні, ізінен ерген бауырларына асыл аға бола білген осы қара шаңырақтың берекесін еселеп, есімі аймақ тарихында алтын әріппен жазылған ұлдары Өтеміс Уәлиұлы да ортамызда болса, жетпіске толар еді. Тағдырға не шара, ол тау тұлғаның да ғұмыр жолы – бүгінгі ұрпағы үшін үлкен мектеп.

Уәли Мырзағалиұлы Ордасын, соның ішінде, өзінің кіндік қаны тамған жері Жиекқұмын өмір бойы жүрегінде әлдиілеп өтті. Туған жерінің әр тасын алтындай көретін ол бойындағы бар күш-қуатын сол өңірдің өсіп-өнуіне, дамуына жұмсады. Уәли Мырзағалиев 1916 жылы дүниеге келген, руы Қашқыншы Шеркеш (Баспан) тармағынан тараған. Зайыбы – Күнзира Есенова. Руы – Шеркеш Жауғашты. 1926 жылы туған.

Кісіліктің туын тіккен Уәли атаның сенімді тылы, ардақты жары Күнзира Есенқызының өмір жолы мен адами болмысы – күні бүгінге дейін жақсылар жадында, ел аузында. Қиын-қыстау кезеңдерді еңсеріп алты баласының өсіп-өркендеуіне, білімді де тәрбиелі болып өсуіне бар күш-жігерін жұмсаған. Балабақша тәрбиешісі, меңгерушісі, мұражай қызметкері, кітапханашы секілді жұмыстарды абыроймен атқара жүріп, өз шаңырағының түтінін түзу түтетті. Күнзира апаның ел жадында қалған ажарлы бейнесі мен қонақжайлық қасиетін көзін көрген замандасы Майдан Батыров сағынышпен еске алады. Ол кісінің айтуы бойынша: «Күнзира апай толық келген, ақ сары, ажарлы жүзі күлімдеп тұратын ерекше мейірімді жан болған. Балаларының бойына ізгі қасиеттерді дарытуға тырысқан апаның үйінен дәм татпай кеткен жолаушы кемде-кем. Жұбайы түзде ел қамымен жүргенде, отбасының берік тірегіне айналып, еңбекқорлығымен, мейірдандығымен алысты жақын етті. Жоққа пана, сүрінгенге демеу бола білген бұл абзал жанның айналасы әрқашан жақсы-

лар мен жайсаңдарға толы болған. Жары Уәли Мырзағалиұлы мен Күнзира Есенқызы көрші қыстақта, Орда ауылынан 18 шақырым жерде Жиекқұм ауыл советіне қарасты «Тінәлі» елді мекенінде дүниеге келген екен.

Әкесі Мырзағали орта шаруалы, шебер етікші болған. Ұзын бойлы, ақ сары кісі еді дейді. Қазан төңкерісінің ауамалы-төкпелі қиын-қыстақ кезінде ұжымдастыру салдарынан орта шаруа есебінде қудаланып, ғұмыры ерте үзілген. Үлкен ұлы Жұмахмет саяси қуғында болып, кенже ұлы Уәлидің мойнына жауапкершілік жүгі ерте түсті. 4 жасында анасынан, 11-інде әкеден айырылып, қиын шақтарда шындалған Уәли 4 кластық білімімен қатардағы есепшіден тек жиырма жастан жаңа асқан шағында колхоз председателі болып тағайындалған. Іскерлігінің арқасында өз туыстарынан әлдеқайда озық ғұмыр кешті. Еңбек жолын қарапайым колхозшыдан бастаған Уәли 18 жасында «Қосшы» колхозының Жиекқұм ауыл советінде есепші болады. Қызметіне мұқият оны басшылық бұдан соң ауылдық советке хатшылық қызметке ауыстырады. Бұл жұмысын да абыроймен атқарған елгезек жігітті Ұлы Отан соғысы жылдарында «Алғабас» колхозын басқаруға жібереді. Ауыр жылдардың тауқыметін елмен бірге тартқан ол жаста болса, бас

болып, бүтін бір ауылға сүйеу бола білді. Небір қиындықты басынан кеше жүріп, шыңдалған жігіт бұдан соң Орда аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарады. Басшылық екі жылдан кейін саяси сауатты кадрды әуелі «Карл Маркс» колхозына бастауыш партия ұйымының хатшысы қызметіне, кейін «Стаханов» колхозына төраға етіп жібереді. Өткен ғасырдың бел ортасында Орда ауданы тараған тұста Уәли Мырзағалиұлы сол кездері Гурьев облысына қарайтын Азғыр және Лабай ауылдық советтерін басқарды».

Уәли ақсақал жөнінде күні кеше өмірден озған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қызметкері, Бөкей ордасы ауданының құрметті азаматы Тауасих Мырзағалиев төмендегідей естелік қалдырған болатын.

«Мырзағалиевтар әулетімен жақын танысып, араласуым сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында басталды. «Орда» совхозында (сол уақытта орталығы – Бисен ауылы) директор болып істеп жүрген кезім. 1963 жыл. Желтоқсан айының іші. Алматыда совхоз директорларының білімін жетілдіру жөніндегі екі айлық курста оқып жүргенмін. Бір күні Орда өңірінен шыққан белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, ұстаз Хамит

Чурин ойламаған жерден мені үйіне қонаққа шақырды. Келсем, ғалым Қажым Жұмалиев, бұрыннан жақсы таныс, жерлес, қазақтың көрнекті ақыны Тайыр Жароков, қоғам қайраткері Айташ Жұбаншалиев, азамат және Ұлы Отан соғысы ардагері Шүкір Шағыров, бұрынғы бірінші қазақ совет үлгілі атты әскер полкінің жауынгері Нефмет Қуанышалиев, т.б. бірсыпыра Ордадан шыққан зиялы азаматтар жиналған екен. Біраз отырыстан кейін әңгіме ауаны Бөкей ордасының өткен қилы тарихы мен қазіргі жай-күйіне бұрылды. Ордадан шыққан дарынды ойшылдар, ақындар, күйшілер, батырлар туралы тебіреніске толы неше алуан сыр шертілді.

1952 жылы Орда ауданы біраз жерінің әскери-сынақ полигонына берілуіне байланысты таратылып, аудан халқының 80 пайызы басқа жаққа көшірілді. Аудан орталығы – Орда поселкесі жай ауыл болып қалды. Сөйтіп, ежелгі тарихи Ордаға өмірден жойылып кету қаупі төнді. Сондықтан сол кезде Алматыда тұратын Орда патриоттары, ардагерлері, 1952 жылы тарап кеткен Орда ауданын қайта құру туралы мәселені үнемі Үкімет пен мемлекет алдына қойып келді. Әзірге, Орда ауданын қайта құруға ерте, ал Ордада жаңа совхоз құруға келісім алып отыр екен.

– Біздер ақылдасып, осы жаңа совхозға директор етіп тағайындауға сенің кандидатуранды басшы органдарға айтып, ұсынып отырмыз. Сенің басты міндетің – көшіп кеткен Орда халқын еліне қайтару. Ол үшін совхоздың жер көлемін көбейтіп, мал санын арттырып, көшіп келген халықты жұмыспен қамту керек, – деп көпті көрген қариялар тапсырманы төтесінен қойды.

– Мына күрделі тапсырмаларыңызды талап деңгейінде орындай алсам, жақсы. Өйткені Орда, Нарын жерлерін жете білмеймін. Орданың бұрынғы халқымен таныс емеспін, – деп сыпайырақ жауап беріп көрдім.

– Айтуың дұрыс, бірақ біздер бұл жағдайды ойластырып қойғанбыз, саған көмектесетін сенімді азаматтар бар, – деп бірнеше азаматтардың есімін атады. Олар – Уәли Мырзағалиев, Қарасай Сариев, Өтепқали Сахипов, Мәжит Сариев және тағы басқалар. Ұзын сөздің қысқасы, жаңа совхозға директор болуға мен келістім. Сөйтіп, 1964 жылдың бірінші сәуірінде совхоз құрылды. Ол «Орда» деп аталды да, бұрынғы совхозға «Бисен» есімі берілді. Жаңа совхоздың әкімшілігін, бас мамандар мен ферма меңгерушілерін тағайындап, жұмысқа қызу кірісіп кеттік.

Алға қойған басты міндетті орындау үшін жерді, халықты білетін, тәжірибесі мол адамды іздеп, алматылық ардагерлердің ақылымен Уәли Мырзағалиевқа жолығу үшін 1964 жылдың маусым айында, Атырау облысына қарап кеткен, «Балқұдық» совхозына келдім. Уәкең үйінде екен. Кездесіп, бұрынғы Орданың, Нарын жерінің халқын жете білетін, болашақта жаңа құрылған совхоздың алдына қойылған міндеттерді орындауға көмектесетін адамды іздеп жүргенімді және алматылық ардагерлеріміздің өзі жөніндегі ұсынысын айттым. Уәкең олардың сеніміне риза болып, Ордаға оралуға келісімін берді. Ол 1934 жылдан бері, отыз жыл бойы осы Нарын құмында, Орда жерінде әртүрлі шаруашылықтарда, совет, партия органдарында маман да, басшы да болған. Жер-суды, жалпы халықты жете білетін адам екен. Мен барған кезде ол «Балқұдық» совхозы директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары болып қызмет етіп жүрді. Совхоз директорының келісімімен, Теңіз ауданының орталығы – Ганюшкинге барып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына кіріп, Уәкеңді аудандық партия ұйымының есебінен шығарып, жұмыстан босатып алдым. Ордаға келгесін аудан басшыларының келісімімен 1964 жылдың жиырмамыншы мамырынан бастап Мырзағалиев Уәли жолдасты №3 фермаға (Сейітқалиға) меңгеруші етіп тағайындадым. Сол айдың аяғында ол «Балқұдық» совхозынан жанұясын көшіріп әкелді. Жанұямызбен араласып тұрдық, Күнзира апайдың руы Жауғашты Шеркеш болып шықты. Мен Уәкеңнен 14 жас кіші болсам да, замандас болғасын әзілдесіп, ойнап-күлетінбіз. Қазақта «Жақсыны шетке жібермейді» деген сияқты жеңгемізді де Шеркеш руынан алғансыз ғой», – деп қалжыңдайтын едім. Ол мені үнемі «күйеу бала» дейтін. Өйткені, зайыбым Сәуле шеркештің қызы болатын. Уәкең – өзі ұзын бойлы, ат жақты, қырма сақал, еңгезердей адам. Мінезі жайлы, маңғазданып, еңсесін тік ұстап, төкаппарлау көрінеді. Ал жеңгеміз Күнзира толық келген, ақ сары, ажарлы, үнемі жымылып жүретін. Өте қонақшыл, дастарханы мол, құт-береке дарыған шаңырақ иелері еді. Дүниеден өткенше «сіз-біз» десіп сыйластық. 1964 жылы Уәкең мен Күнзира елге көшіп келгенде, 1945 жылы дүниеге келген баласы Жеңіс Атырау пединститутында оқып жүрген студент болатын. 1956 жылы туған екінші баласы Өтеміс 8 жаста, бастауыш мектепте оқитын. Үшінші баласы Тоқтамыс және қызы Гүлба-



Күнзира ЕСЕНОВА



ну мектеп жасына жетпеген бүлдіршіндер еді. Соңынан Ордада қызы Мира, кенже баласы Мирболат дүниеге келді. Кейін Уәкең Орда ауылдық Советіне төраға болып сайланып, Сейітқалидан Орда селосына көшіп келді. Біз жанұямызбен араласып тұрдық. Балаларымыз М. Горький атындағы орта мектепте бірге оқыды. Жасыратыны жоқ, жаңа совхозда кездескен бірінші қиындық жұмыс қолының жеткіліксіздігі еді. Уәкеңнің айтуынша, кезінде күшпен шетке көшірілген ордалық ағайындар арасында діңкелері құрып, елге орала алмай жүргендер баршылық екен. Ешкімге естіртпей, жария жасамай, астыртғын түрде мәселенің мән-жайын егжей-тегжейлі сипаттап, талдап, басқару органдарына мәлім етіп, көмек сұрадық. Ісіміз оңға басты. Билік басындағылар ұсынысымызды қолдады, қуаттады. 1964–67 жылдары аралығында Чапаев, Фурманов, Жымпиты аудандарынан 125 отбасы (750-ден астам адам), Оңтүстік Қазақстан облысынан 280 отбасы (1500-ден астам адам) көшіп келді. Осы қыруар істің басында басқа да басшылармен бірге Уәли Мырзағалиев жүрді. Осылайша жұмыс қолы, іс көлемі көбейген сайын совхозға мемлекеттік актіпен бекітілген 70 мың гектар жер тарлық етті. Бұл мәселені шешуде тағы Уәли ағамен ақылдасуға тура келді. Кейін білгеніміздей, әскери сынақтан бос уақытта өз жеріміздің белгілі бір бөлігін шаруашылық мақсаттарға пайдалануға құқығымыз бар екен. Осы жағдайды пайдаланып, әскери полигон басшыларымен келісе отырып, аумағы 60 мың гектар «Бозай», «Сүйінәлі», «Қараесенғали», №38 алқаптарын шөп шабуға және аумағы 70 мың гектар «Ауызашық», «Шамақ», «Талап», «Көсем», «Батырбек», «Дүйсеқұм» ашықтарын мал жайылымына алдық. Нәтижесінде совхоз пайдаланатын жер көлемі 200 мың гектарға жетті. 1964–1974 жылдар аралығында мал саны екі жарым есе өсті. Ірі қара малы 12 мыңға, қой 60 мыңға, жылқы мен түйе 7 мыңға жетті. Совхозымыз «миллионер» атанды. Мұндай атақ, абыройға Уәкеңнің Нарын жерін өте жақсы білетіндігінің және совхоз еңбекшілерінің арқасында қол жеткіздік.

Уәли Мырзағалиев ағамыздың үшінші көмегі халықты, малды, жалпы елді сумен қамту мәселелері тұрғысында болды. Ол кісінің адам таңғаларлықтай қабілеті қай жерде, қай ашықта, қай бөгетте тұщы су көзі барын, оның беретін су көлемін, қанша тереңдіктен шығатынын жатқа білетіндігі еді. Нарын құмында судың мол қоры жердің астыңғы қабатында екен. Оның көзін тауып, су көлемін анықтау үшін Орал гидрогеологиялық экспедициясымен келісімшарт жасасып, мол су көздерінің картасын сыздыртып ал-



Уәли МЫРЗАҒАЛИЕВ зайыбымен

дық. 1964–1968 жылдар ішінде совхоз аумағында 31 терең құдық (скважина), 230 шахталы құдық қазылды. Сол жылдары «Аймекен» ашығынан мол қоры бар жер асты тұщы суы табылды. Кейін ол жерден жер астынан су шығаратын станса салынып, Ордаға, Сайқынға, Мұратсайға, Жәнібекке су құбыры тартылды. Олар күні бүгінге дейін «Аймекен» суын ішіп, керегіне пайдаланып отыр. Сөйтіп, Уәкең марқұмның араласуымен Нарын, Орда өңірінде су мәселесі түбегейлі шешілді. Тағы да әңгіме желісін Уәкеңнің жанұясына бұрсақ, үлкен ұлы Жеңіс Атырау пединститутын бітіріп, Маңғыстау облысында мамандығы бойынша қызмет атқарды. Мен 1977 жылы қазан айында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануыммен байланысты аудан орталығы – Сайқынға көшіп кеттім. Уәкең Ордада №4 ферма меңгерушісі болып қалды. Жасы жетіп, зейнеткерлікке шыққан Уәкең алыстағы баласын елге қайтарып, жұмыс беруді сұрады. Жеңісті сол кездегі тәртіп бойынша, партиялық жолдамамен елге алдырдық. Бастапқыда мамандығы бойынша «Құрманғазы» совхозындағы Ф. Энгельс атындағы орта мектепте директор болып қызмет атқарды. Әкесіне тартқан, қолынан ұйымдастыру жұмысы келетін бала екен. Кейін аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметіне жоғарылатылды. Сексенінші жылдары аудандық мәдениет бөлімі құрамында 18 кітапхана, 2 Мәдениет үйі, 11 ауылдық клуб, 3 қызыл отау, 1 тарихи-революциялық музей, 1 көркем өнер шеберханасы, 16 киноқондырғысы қызмет істеді. Орда Мәдениет үйі жанынан жасақталған ұлт-аспаптар оркестрі және биші қыздар тобы концерттік сапармен көрші аудандарға, Алматы, Москва қалала-

рына, Германия Демократиялық Республикасына барып қайтты. Сөйтіп, Жеңіс Уәлиев қызмет істеген жылдарында ауданның мәдени өміріне көп жаңалықтар енгізді. Кейін ол Орал қаласындағы Махамбет Өтемісов атындағы сауықтыру мектеп-интернатына директор болып ауысып кетті. Мырзағалиев Уәли аға мен Күнзира жеңгейдің екінші баласы – Өтеміс. «Бұл бала дүниеге Ішкі Бөкей ордасы, Бекетай құмды аймағында дүниеге келгендіктен, «атақты ақын, батыр Махамбеттің әкесі Өтеміс атаны есте қалдыру үшін және аталар аруағына сүйеніп, баламның атын Өтеміс қойдым», – дейтін Уәкең. Балқұдықтан Ордаға келгенде Өтеміс 8 жаста екенін айтты. Ол мектеп бітіргенде мен әлі совхоз директоры болатынымын. Уәкең маған кеңсеге келіп: – Басқа да балаларым бар ғой, бірақ осы баламды болашақта үлкен шаңырақ иесі етіп, жеңгең екеуіміз соның қолында болғымыз келеді. Сондықтан болашақта мамандық таңдағанда өзім секілді ауылда қызмет етсе, ол үшін мына сенің мамандығыңды алса екен деймін. Сенен сұрайтыным, совхоздан осы оқуға жолдама бер, бітіргеннен кейін совхозға маман болады ғой, – деп өтініш жасады. Совхоз дирекциясы бұл ұсынысты қабыл алып, Өтеміске Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтының зооинженерлік факультетіне жолдама берді. Ол институтты 1979 жылы жақсы бағамен бітіріп, зооинженер болып, совхозда еңбек жолын бастады. 1979 жылы Уәкең жасы толып, зейнеткерлікке шықты. Сол жылдың күзінде ол Сайқынға, аудандық партия комитетіне келіп, шаруасын айтты.

– Мен өзің білетіндей, көп жыл қызмет істеп, зейнеткерлікке шықтым, жылқы малының маманы екенімді де білесің. Болашақта бос уақытта жылқы іріктеп, баптап, ат бәйгесіне әзірлесем деймін. Балам екеуімізді жылқысы көп бір совхозға жіберсең қайтеді», – деген өтінішін білдірді. Кейін бюро мүшелерімен, аудандық ауыл шаруашылығы мамандарымен келісіп, Мырзағалиев Өтеміс Уәлиұлын ауданда жылқы малы көп шоғырланған Темір Масин атындағы совхозға бас зоотехник етіп тағайындадық. Ол кезде совхозда төрт мыңға жуық Көшім тұқымдас жылқы болды. Шаруашылықты сол Көшім тұқымы жылқысын сұрыптаған ауторлардың бірі Бейсенбі Ғұбашев басқарды. Өтеміс бас зоотехник болып істеген жылдары совхозда жылқы саны екі есе өсіп, 8 мың басқа жетті. Мен 1990 жылы зейнеткерлікке шығып, Алматыдағы балаларға көшіп кеткендіктен, Өтеміс баламен соңғы кезде жұмыстас болғаным жоқ. Бірақ оның Орда ауданы әкімшілігінде іс басқарушы, ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісі, Орда ауданы әкімінің орынбасары, Бөкей ордасы, Тасқала аудандарында әкім болып істегенін жақсы білемін. Бертін келе, Өтеміс Әсем дейтін мамандығы ұстаз қызға үйленді. Өте жарасымды, үлгілі жанұя құрып, анасының, туыстарының қуанышына айналды. Әсем енесі Күнзираны мықтап бақты. Әсемнің әкесі Айтқалиев Қанатбай, анасы Майжамал – ауылға, ауданға құрметті, елге сыйлы азаматтар. Сонау 1965 жылы Уәкең екеуіміз Айтқалиевтардың әулетін үлкен кісісі мен ағайындарымен түгел Чапай (қазіргі Ақжайық) ауданынан көшіріп алғанбыз. Олар да бұрынғы ордалықтар. Қазір де Ордада тұрып жатыр. Өтеміс пен Әсемнің үлкен ұлы Азат – «Болашақ» бағдарламасының түлегі, АҚШ-та білім алған жоғары деңгейлі маман. Қазіргі таңда шетелде докторантурада оқиды. Кішісі Мейрамбек Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алған. Бүгінде – жеке кәсіпкер, «Хим-инвест» ЖШС-нің аға жоба менеджері. Ал тағдырдың жазуымен бауырына басқан інісі Тоқтамыстың ұлы Мирас – подполковник шеніндегі әскери ұшқыш, Астана қаласындағы Ұлттық ұлан офицері. Қазіргі таңда ұлдарының барлығы да апталдай білімді азаматтар.

2009 жылы 24 маусымда Өтеміс Ордада әкесі Уәли, анасы Күнзира, інісі Тоқтамыс марқұмдарға арнап ас берді. Шақырулы қонақ ретінде Алматыдан келіп, мен

де қатыстым. Аста Мырзағалиевтар әулетін білетін бөкейордалық азаматтар көп болды. 2010 жылы бірінші ақпанда мен 80 жасқа толып, балаларым Алматыда атап өтті. Оған Оралдан балаларым, туыстарым, сонымен қатар, інілерім Айдар, Темір, Лавр, Есет келді. Жұмыс бабына байланысты Өтеміс пен Рахман келе алмады. Өтеміс ескерткіш ретінде маған «Құран Кәрімді» сыйға тартты. Қазір ол менің төрімде ілулі тұр...

Осылай өмір өз арнасымен ағып жатты. 2012 жылдың 8–9 мамыр күндері Сайқында Бөкей ордасы ауданының қайта құрылуының 40 жылдығына арналған мерейтой өтті. Ол тойға аудан халқымен қатар, көрші аудандардан көп адам жиналды. Алматыдан 6 адам, Оралдан 30 шақты бұрынғы ордалықтар келді. 8 мамыр күні Орда ауылының іргесіндегі «Бабай сад» қорымына барып, осы төбенің басына мәңгілік қоныс тепкен Уәли ағамыз бен Күнзира жеңгейге, олардың ұлдары Жеңіс, Өтеміс, Тоқтамыстың бастарына гүл шоқтарын қойып, Құран оқытып, тағзым еттік. Өмір деген осы екен ғой, зымырап өтіп жатқан... Бірақ бұл адамдар тірілердің естерінде мәңгі сақталады. Топырақтары торқа, имандары жолдас болғай! Біз, көнекөз қариялар жиналып, бас қосқанда, Мырзағалиевтар әулетін әркез сағынышпен еске алып отырамыз. Әлгінде айтқан, өмір көші алға жылжып барады»...

Иә, өмір керуені тоқтаған емес. Уақыт емші десек те, ел жүгін арқалаған асылдардың орны ерекше. Осы естеліктерді жазған ордалық жерлесіміз, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қызметкері, Бөкей ордасы ауданының құрметті азаматы Тауасих Мырзағалиевтың да өмірден озғанына, міне, ай асып барады. Алайда «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, Мырзағали әулетінен тараған Уәли ата мен Күнзира ананың ізгі ісін елі ешқашан ұмытпайды, ұрпағы әрқашан ұлықтайды. Олар өмірден өтсе де, артында өшпес қолтаңбасы, кісіліктің биік мектебі қалды. Ең бастысы – осынау асылдардың ізін басып, адами ісін, тектілік үрдісін жалғайтын ұрпақ аман болсын. Жаратқан ие осы текті әулеттің кейінгі ұл-қыздарына, бауырынан өрбіген ұлағатты ұрпағына ғибратты да ұзақ ғұмыр нәсіп етсін!

Гүлжаз ЖАЗИТОВА,
Бәйтерек ауданы



«Әділет» партиясы ғимаратында облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті пленумы өтті. Жиынды ардагерлер кеңесі мен «Интеграл» жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Іс-шараға Батыс Қазақстан облысының ардагерлер ұйымдарының өкілдері, мемлекеттік құрылымдардың басшылары, қоғамдық ұйымдардың мүшелері қатысты.

Перизат САРИЕВА,
«Орал өңірі»

Пленумда облыстық ардагерлер ұйымының ағымдағы мәселелері, ардагерлер ұйымын дамыту, аға буын өкілдерінің қоғам өміріне белсенді қатысуын арттыру туралы сөз қозғалды. Іс-шарада облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақсат Берген биыл 16 мамыр Астана қаласында өткен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің XI сиезінде қарастырылған мәселелер туралы қысқаша шолып өтті. Төраға Астанадағы сиезде ар-



Мәди САЛЫҚ

Кезекті пленум

дагерлер ұйымдарын, ардагерлер қозғалысын тереңдету және одан әрі дамыту бағытында қабылданған шешімдерге тоқталды. Ұйымның басым міндеттерінің бірі ретінде қоғамда «Заң және Тәртіп», «Әділетті Қазақстан» қағидаттарын орнықтыруға бағытталған мемлекеттік саясатқа қолдау көрсетуді, сондай-ақ «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасын тілге тиек етті.

– Сиезде ардагерлер мәртебесі заңнамалық деңгейде бекітілді. Республикалық деңгейге көтерілген «Іскерлік жә-

не жанашырлық» пен «Дәнекер» сияқты ауқымды әлеуметтік жобалардың аясы кеңеюде. Олар бюджеттен тыс қаражатты тартуға және халықтың әлеуметтік осал топтарының материалдық жағдайын жақсарту үшін қайырымдылықты дамытуға бағытталған, сонымен қатар ел ішіндегі тұрақтылыққа ерекше көңіл бөлетіндігін атап айтты. Сиез ардагерлер ұйымдарын ұйымдастырушылық және материалдық тұрғыдан нығайту, кадрларды іріктеу және егде жастағы азаматтарды қоғамдық

қызметке тарту мәселелеріндегі Орталық кеңестің белсенділігін арттырғанын атап өтті. Жергілікті атқарушы құрылымдармен бірлесіп, «Белсенді ұзақ өмір» орталықтарының желісін дамыту бойынша іс-шаралар қабылданды. Ардагерлер ұйымдары 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 80 жылдығын дайындау және мерекелеу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізгенін атап айтты, – деді төраға. Іс-шарада Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» және «Адал азамат»

реформаларын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылатын «Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар» атты жоба таныстырылды. «Үлкенді құрметтеу – ұлттық дәстүр», «Кітаппен келешекке», «Алтын орда» – тарихи сана мен бабалар аманаты», «Отбасы құндылықтарын дәріптеу және ажырасу мәселесі», «Дәстүрлі дін және ұлттық бірегейлік», «Жастар тәрбиесі: адал адам, табиғатты сүю және жасампаз патриотизм», «Зиянды әдеттермен күрес» атты жоба жоспарының мақсаты мен жүзеге асырылу жолдары сөз болды. Жиынға жиналған белсенді ардагерлер жобаға қатысты пікірлер мен ұсыныстарын ортаға салды.

Орал қаласындағы «Жайық арена» спорт кешенінде облыстық қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында зейнет жасындағы ардагерлер арасында облыстық VI спартакиада ұйымдастырылды.

Ернар ЖАҚЫПТЕГІ,
«Орал өңірі»

Ардагерлерді жасартатын спартакиада

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін спорттық іс-шараны облыстық ардагерлер кеңесі, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы, «Интеграл» жастар қоғамдық бірлестігі өткізді. Алтыншы рет жалауын көтерген спартакиаданың негізгі мақсаты – бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және ардагерлердің

қоғамдық белсенділігін арттыру.

Спартакиаданың ашылу салтанатында ұйымдастырушылар қатысушыларға сәттілік тілеп, аға буын өкілдерінің денсаулығын нығайту, белсенді ұзақ өмір сүру қағидаттарын қалыптастыру бағытында жүзеге асып жатқан іс-шаралардың маңызын атап өтті.

Биылғы додаға облыстың 12 ауданы мен Орал қаласының командалары қатысты. Сондай-ақ жарысты зиялы қауым өкілдері, қоғамдық ұйым мүшелері, спорт ардагерлері және қала тұрғындары тамашалады.

Ардагерлер волейбол, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ және үстел теннисі бойынша сынға түсті. Әрбір сайыс жоғары тартыспен өтіп, қатысушылардың тың дайындығы мен жеңіске деген жігерін байқатты.

– Облыстық ардагерлер спартакиадасы – аға буынның денсаулығын нығайтып, белсенді өмір салтын қалыптастыруға бағытталған маңызды жоба. Бұл жарыс тек үздіктерді анықтап қана қоймай, ардагерлер арасындағы достық пен өзара бірлікті нығайтады. Барлық ауданнан командалардың қатысуы іс-шараның маңызын айғақтайды. Алдағы уақытта да осындай игі бастамаларды жалғастыра береміз, – деді «Интеграл» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы Аида Мектепқалиева.

Жарыс қорытындысында жеңімпаз командалар мен спортшылар марапатталды. Жалпыкомандалық есепте Орал қаласының құрамасы жеңімпаз атанса, Бөрлі ауданы екінші, Сырым ауданы үшінші орынға ие болды.

Жекелей сайыстарда волейболдан Орал қаласының командасы жарқырай көрінді. Үстел теннисінен Геннадий Сұлтанов (Орал қаласы), дойбыдан Любовь Чистякова (Орал қаласы), шахматтан Таир Жұмабаев (Бәйтерек ауданы), тоғызқұмалақтан Айтбай Тастайбеков (Бөрлі ауданы) жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Ардагерлер спартакиадасы – бұқаралық спортты дамытуға, аға буын өкілдерінің денсаулығын нығайтуға және олардың қоғам өміріндегі белсенділігін арттыруға бағытталған бірегей жоба. Жыл сайын ауқымы кеңейіп келе жатқан бұл дәстүрлі дода өңірдегі салауатты өмір салтын қалыптастыруға өзіндік үлесін қоса беретіндігіне сенім зор.





Жақында Жалпақтал ауылына көне құлпытас-тарды зерделеп оқитын арабтанушы, өлкетанушы Орынбасар Ахметқалидің жолы түсті. Ауылдық мұсылмандар мешітінің бас имамы Тілепберген қажы Нұрәлиев, наиб имам Дамир Мырзағалиев, хазірет Ғұбайдолла Ғәлікеевтің ұрпақтарымен бірге Қараөзен ауыл бағытындағы орталық қауымына аялдадық.



Көне қорымнан табылған құнды дерек

Орынбасар ініміз Жалпақтал, Жайық, Богдан, Глиенный деген жазулардың көп кездесетінін, Хұснийжамал Зұлқарнайқызы, Банужамал Мұхамбетжанқызы, Фахрутдин зайыбы Саида, Кенжеболат Оразайұлының құлпытастары бар екенін айтты. Қорымдағы көптеген тастың белгілеріне қарап, жерленгендердің көбі татар ұлтынан екендігіне көзіміз жетті. Ерекше сақталған құлпытас – Жалпақтал мешітінің құрылысын жүргізген әйгілі Қазан татары Қожантай Абдуловтің белгісі

екен. Ескі жазбаларда қажыға барған Қожамбердінің (Қожантай) 106 жыл өмір сүргені жазылған (1790-1896). Бұл туралы Орынбасар Нұрланұлы көне архив құжаттарындағы деректердің шындық екендігін айтқан әңгімесі көңілге қонды. Сонымен қатар қажының қасында ұлы Нығметолла Қожамбердіұлының жерленгіндігі анықталды.

Бұл күн Жалпақтал ауылы үшін ерекше тарихи сәт болды. Қожантай қажының орталық қауымда жерленгендігін ел аузындағы әңгімелерден естігенімізбен, нақты

жерін білмейтін едік. Орынбасар бауырымыздың білімділігі, бас имамымыз Тілек ағамыздың қырағылық таныта білуі арқасында тарихи сәттің куәгері болдық. Бұл – өлке тарихына жаңа деректер жазылуына жол ашады. Ғәлікеевтер әулеті ұрпақтарының өлкемізге табандарының тиюіне себепкер болған Орынбасар Нұрланұлы бауырымызға және жол көрсетуші имамымыз Тілепберген Ахметжанұлы ағамызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Миржан ҚАРАБАЛИН,
Казталов ауданы

«Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі «Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-ның қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны үшін қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдары (шығарындылары нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді

Аумағына әсер ету: БҚО, Тасқала ауданы, Амангелді ауылдық округі, Амангелді ауылы.

Географиялық координаттары: 50° 57' 27,91" се, 49° 57' 22,71" шб.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін жері, күні және басталу уақыты: 2026 жылғы 11 қыркүйек, сағат 15:00-де. Мекенжайы: БҚО, Тасқала ауданы, Амангелді ауылдық округі, Амангелді ауылы, Астана көшесі, 5-үй, «Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында.

Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. БСН:050140002345. Тел.: 8 711 39 23 637.

Әзірлеуші: «ЕНБЕК POWER» ЖШС. БСН: 200 240 032 767. Мекенжайы: Орал қаласы, Кемеңгер көшесі, 1. Тел.: 8 (705) 790 91 01.

Жобалық құжаттама пакетімен **Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің** порталында (<https://ndbecology.gov.kz/>), сондай-ақ «БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ның ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy/documents/?lang=ru> сілтемесі арқылы танысуға болады. Қоғамдық тыңдаулар өткізілгеннен кейін осы ресурстарда қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы да орналастырылады.

Материалдар бойынша қосымша ақпарат: Эл. пошта: aman_task2013@mail.kz, Тел.: 8 711 39 23 637.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын қабылданады, не болмаса Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы қызметкерлерінің электронды поштасына: tabigat_zko@mail.ru жіберіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өтіңіз
ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/81713844016?pwd=h0PbY50BtkTaQ6Yp0Uov7LlxHphSeZ.1> Конференция идентификаторы: 843 7428 4617.
Кіру коды: 0000

Заңсыз қаржы схемасы



Облыс бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті «Imrat Group» қаржы пирамидасының заңсыз қызметіне тосқауыл қойды. Тергеу нәтижесінде қаржы пирамидасын ұйымдастырғандарға сот үкім шығарып, бес жылға бас бостандығынан айырды.

Тергеу деректеріне сәйкес, 2024 жылғы қазан мен 2025 жылғы маусым аралығында қаланың екі тұрғыны алдын ала сөз байласқан. Облыс аумағында «Imrat Group» қаржы пирамидасының құрылымдық бөлімшесінің жұмысын ұйымдастырған. Күдіктілер кеңселер ашып, әлеу-желілер мен «Telegram» мес-сенджері арқылы жарнама-лаған. Сондай-ақ мол табыс әкелетін инвестициялық жобаларды насихаттап, азаматтарды тарту үшін түрлі презентация мен конференция өткізген. Заңды ұйымның қызметін көрсету үшін кеңселер жалға алып, жарнамалық материалдар әзірлеген. Оған қоса, бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырған. Алайда тергеуде құрылымның кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтыны анықталды. Бір қатысушыға төленетін сый-ақы тек жаңа салымшылардың қаражаты есебінен берілген.

Аталған департамент мәліметіне қарағанда, заңсыз

қаржы схемасына ондаған азамат тартылған. Олардың басым бөлігі – зейнеткерлер мен 25 жасқа дейінгі жастар. Салынған қаражаттың жалпы көлемі 89,7 миллион теңгеден асқан. Сонымен қатар салымшылардан түскен ақша қолма-қол және қолма-қол ақшасыз тәсілдермен қабылданған. Бір бөлігі қатысушылар арасында реферальдық төлем ретінде қайта бөлініп, қалғаны криптовалютаға айырбасталған. Қаржы пирамидасының қызметін кеңінен насихаттауда әлеужелілер мен интернет-ресурстарда жарнамалық бейнероликтер орналас-тырылған. Соның салдарынан заңсыз схемаға қосымша азаматтар тартылып, көптеген адамға материалдық шығын келген. Соттың үкімімен кінәлілер бес жылға сотталып, 60 миллион теңгеден астам сомаға берілген азаматтық талап қанағаттандырылды. Қазіргі таңда үкім заңды күшіне енген жоқ.

Қолғанат ҚОЖЫМ,
Орал қаласы

ЕГЕР СЕН ҚИЫНДЫҚҚА ДУШАР БОЛСАН, ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛЕСІҢ БЕ?

- ✓ ӨЗІҢДІ КІНӘЛІ СЕЗІНУ, ЖАЛҒЫЗДЫҚ, ӨЗ-ӨЗІҢЕ КҮМӘНДАНУ СЕЗІМДЕРІ ЖҮІ БАУҚАЛА МА?
- ✓ СЕНІ ЕШКІМ ТҮСІНБЕУ ЖҮР МЕ?
- ✓ УАҒЫМЫҢДЫ ЖАЛҒЫЗ ЖЕҢЕ АЛМАУ ЖҮРСІҢ БЕ?



CALL CENTER
7420

Батыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің аудит ұжымы

Сажидә Пакатжанқызы Иркенованың өмірден озуына байланысты марқұмның отбасы мен ту-ма-туыстарының қайғыларына ортақтасып көңіл айта-ды.

Марқұм өз ісіне адал, жауапкершілігі жоғары, адамгершілігі мол жан ретінде әрдайым есте қалады. Оның жарқын бейнесі мен еңбегі біздің жадымызда ұзақ сақ-талады.

Қазіргі ауыр сәтте сіздерге сабыр мен төзім тілейміз. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Газет ҚР Аппарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №КЗ49УУ000700442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.
Бас редактор 51-25-80.
Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.
Жауапты хатшы 54-38-22.
Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.
Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2. Телефон: 8 (7132) 400-400, 8 (7132) 545-545. Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 7991 4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА,**
А. ШОҒЫРАЕВА
Кезекші редактор: **Н. ҒҰМАР**



Құттықтаймыз!

Шыңғырлау ауданы Сегізсай ауылының тұрғыны аяулы әжеміз **Толғанай ТУКУШЕВАНЫ** 80 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Атам екеуіңіз ұрпағыңыздың ортасында сый-құрметке бөленіп, бақуатты ғұмыр кеше беріңіздер!



Шашының ағында да қасиет бар,
Ұрпағын үлгі етеді өсиетке әр,
Саналы ғұмыр кешіп, баланы ойлап,
Атамның бар қадамын асыл еткен.

Әжетай, құтты болсын сексеніңіз!
Бүр жарып бәйтеректей көктедіңіз.
Ізіңнен ергендер де сенімді ақтар,
Талмаңыз, жүз жасаңыз, тек сеніңіз!

**Ізгі тілекпен: Алтынбек-Назерке,
Нұрайым, Сұлтан,
жиендеріңіз
Айзере, Айсана**

Кім мерген, кімдер жеңімпаз?

Оралда 26-31 шілде күндері садақ атудан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Еске сала кетейік, облыстық газеттің 31 шілде күні жарияланған №62 санында («Адырнасын ала өгіздей мәңгіреткен») сайыстың басталғаны туралы жазған болатынбыз. Бүгінде дүбірлі дода өз мәресіне жетіп, жеңімпаз-жүлдегерлер анықталды.



Елдің түкпір-түкпірінен келген спортшылар классикалық және басқа да сайыс түрлері бойынша командалық және жекеley сындарда бақ сынап, әртүрлі жас санатында өзара мықтыны анықтады.

Шемпионат қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Жетісу облысы бірінші, Шымкент қаласы екінші, Ақмола облысы үшінші орынға ие болды. Батыс Қазақстан облысының құрамасы төртінші орынға табан тіреді.

Жекеley сында да тартыс жогары деңгейде өтті. Құрама садақтан ерлер арасында Алматы облысының спортшысы Ділмұрат Мұса шемпион атанса, күміс медальды шымкенттік Ақбарали Қарабаев, қола жүлдені Түркістан облысының жампозы Бунед

Мирзаметов иеленді. Әйелдер арасында Шымкент қаласының сұрмергені Диана Юнусова алтын медаль жеңіп алды. Екінші орынға Ақмола облысынан арнайы келген Адель Жексенбинова, үшінші орынға Жетісу облысының спортшысы Эльмира Раисова тұрақтады. U-21 жас санатында ерлер арасында Батыс Қазақстан облысының мергені Павел Кузнецов шемпион атанды. Алматы облысының спортшысы Ислам Серікұлы күміс, Ақмола облысының садақшысы Қуан Рысқұлбек қола жүлдеге қол жеткізді. Әйелдер арасында шымкенттік Жанайым Тұрсынбек жеңімпаз атанса, Батыс Қазақстан облысының спортшылары Айлана Нұрланова мен Жәлел Шадиярова жүлделі екінші және үшінші орындарды иеленді. U-29 сана-

тында ерлер арасында Ақмола облысының спортшысы Сұлтан Жақанбет үздік шықты. Екінші орынды Астана қаласының қатысушысы Альдемир Әсет, үшінші орынды Жетісу облысының мергені Никита Ивлев еншіледі. Ал әйелдер арасында барлық жүлде кіл жетісулық Юлия Захарова, Алина Саенко, Аңсаған Жолмановаға бұйырды.

Ақ Жайық өңірінде ұйымдастырылған шемпионат ұлттық құрама сапына лайық спортшыларды іріктеумен қатар, садақ ату спортының дамуына да оң ықпал етті. Сайыс қорытындысында топ жарған мергендер халықаралық аренадарда ел намысын қорғау құқығына ие болды.

**Қолғанат ҚОЖЫМ,
Орал қаласы**

Әне-міне дегенше, үш ай жазғы демалыс аяқталуға жақын. Тоғыз ай білім алып, демалысқа шыққан балалар уақытын бос өткізбеуге тырысады. Бірі қалаға келіп, түрлі ғажайыпқа куә болса, енді бірі ата-әжесіне барып, ауылдың әсем табиғатын тамашалап қайтады. Осы орайда өңіріміздегі өрендерге «Жазғы каникул қалай өтті?» деген бағытта сауалнама жүргізген едік.

Жазғы каникул қалай өтті?

**Инабат САБЫРҒАЛИ,
М. Әуезов атындағы
№2 мектептің 6-сынып
оқушысы, Ақжайық ауданы:**

– Менің жазғы демалысым өте қызықты әрі көңілді өтті. Демалыста анаммен бірге Астана қаласына қыдырып бардым. «Бәйтерекке» көтеріліп, Хан шатырды аралап, қаланың әдемі көріністерін тамашаладық. Астанадан келген соң ата-әжем Ақтау қаласына ерітіп апарды. Сол жақтан Бекет ата, Шопан ата жерасты мешіттеріне және табиғаты ерекше Бозжыра шатқалын көрдім. Естелікке суретке түстік. Астана, Ақтау қалаларына барған сапар маған өте қатты ұнады. Жазғы демалыста тек қыдырып қана қоймай, анама үй жұмысына қолғабыс еттім. Даярлық тобына баратын кішкентай сіңліме әріп жазуды үйретіп, бірге ежіктеп кітап оқыдық. Жазғы демалыс маған өте жақсы әсер қалдырды.



**Сая БАШИРОВА,
№1 мектептің 7-сынып оқушысы,
Жәнібек ауданы:**

– Жазғы демалысымда Орал қаласына бардым. Таза ауада көуап пісірдік. Отбасымызбен бірге кафеге бардық. Қалада саябақтағы аттракционға отырып, өзен-көлде қайықпен серуендедік. Көпірден Оралдың әсем табиғатын тамашаладық. Үлкен «City Center» ойын-сауық орталығында ойнадық. Қауызға шомылып, доп ойнап, көпіршік кешке қатыстық. Жазда бос жүрмей, анама үй шаруасына көмектесіп, соңымнан ерген бауырларыма қарайластым. Жазғы демалыстың қызығы көп болды.



**Ерхан ЖӘНІБЕК,
Қ. Байсықов атындағы мектептің
4-сынып оқушысы,
Ақжайық ауданы:**

– Ата-әжемнің ауылына бардым. Онда атама, әжеме алма жинауға көмектестім. Ауылда 10 күн болған соң, ата-әжем інім Айсұлтан екеуімізді Орал қаласына апарды. Біз қалада үлкен саябаққа барып, түрлі-түрлі аттракционға отырдық, ойын ойнадық. Оралға барып келгеннен кейін, ата-анам тұзды суға апарды. Мен жазғы демалыста жақсы демалдым.



**Айша УӘЛИХАНОВА,
№1 мектептің 5-сынып оқушысы,
Теректі ауданы:**

– Жазғы демалыс өте керемет өтті. Мектепшілік лагерьге бардым. Ол маған өте ұнады. Ойын ойнадық, түрлі бағдарлама, концерт қойып, жарыс өтті. Әжем, мен, сіңлім – үшеуіміз Ақтау қаласына қыдырып бардық. Каспий теңізін көріп, өте қатты қуандым. Үйге оралған соң да Ақтау менің есімнен көп күн шықпай қойды. Анаммен бірге Атырауға нағашы апамның үйіне бардық. Апатайдың ауласында әдемі, кең ойнайтын жерлер бар екен. Сол жерге сіңлілерімді ойнаттым. Бәріміз тұзды суға барғанда, мен жүзуді үйрендім.

